



СМОЛЯКОВ
ДЕГЕН КІМ?

→2



ЖАНКҮЙЕРЛЕРДІ
2022 ЖЫЛЫ ҚАНДАЙ
СПОРТТЫҚ ЖАРЫСТАР
КҮТІП ТҰР?

→3



ҚАЗІР ЖАС
ФУТБОЛШЫЛАР
СЫНДЫ КӨТЕРЕ
АЛМАЙДЫ

→8

ҚАЗАҚ СПОРТЫ

Газет 1959 жылғы
1 қаңтардан шыға бастады

Республикалық
апталық

№1 (5352)
20 қаңтар 2022 жыл

Газет бейсенбі
күні шығады

kazakh_sporty@mail.ru

«Қасіретті қаңтар» сабағы:

ҚОҒАМ ТҰТАСТЫҒЫ – ТӘУЕЛСІЗДІК КЕПІЛІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің отырысында сөйлеген сөзі



Құрметті Төраға!

Құрметті Мәжіліс депутаттары!

Тәуелсіздік тарихында біз алғаш рет аса құрделі және қатерлі кезеңге тап болдық. Ел басына түскен асырнайы жағдайды қайыспай біртұтас ел болып еңсере білдік. Енді біз мұндай жағдайға ешқашан жол бермеуіміз қажет. Сондықтан еліміз душар болған ауыр қасіреттің себептері бар: кейбір азаматтарымыз қасіреттің себептерімен сарнап, оның салдарына нақты баға беру – алдымызда тұрған өте маңызды міндет.

Өкінішке қарай, бүгінде халық арасында осы оқиғаға байланысты түрлі қарама-қайшы, шындыққа жанаспайтын жалған ақпараттар тарап кеткенін көріп отырмыз. Мұның, әрине, бірнеше себептері бар: кейбір азаматтарымыз ақпаратты егжей-тегжей білмей тұрып, құпияларды болса, кейбірі әдейі ақпаратты бұрмалап, жағдайды одан бетер ушықтырады.

Бірақ бізге керегі – тек ақиқат ғана. Сол себепті оқиғаларды мұқият зерттей отырып, айтарым: жыл басынан бері орын алған барлық жағдайлар – бір тізбектің тармақтары деуге толық негіз бар. Ашығын айтсақ, бұл бірнеше жыл бойы алдын ала ойластырылған зұлымдықтың көрінісі. Олардың көздегені – өздерінің қатыгез пиғылдарын іске асыру болғаны айдан анық.

Мұның қатарында Жамбыл облысында болған тәртіпсіздіктер, этносаралық сипаттағы арандатушылықтар мен басқа да шиеленістер бар. Қоғамымыздың тұтастығын жүйелі түрде, соның ішінде наразылықтар мен кәсіби түрде әзірленген сценарийлерді қолдану арқылы шайқалтып келген.

Радикалды шаралардың нақты

орындаушыларын дайындау жасырын түрде жүргізілген. Ұлттық қауіпсіздік комитеті уәкілетті орган ретінде осы бүлдіргі жұмыстарға нақты баға бере алмады және бергісі де келмеді. Ұлттық қауіпсіздік төңген аса үлкен қауіпті көрмеді. Шабуыл ұйымдастырушыларына тек себеп іздеу ғана қалды, ал ол себеп бөрібіз табылар еді.

Халықтың газ бағасының өсуіне байланысты наразылығы құрал ретінде пайдаланылды. Содан кейін оқиға спираль түрінде дамыды. Бірінші кезеңде бірнеше өңірде, атап айтқанда, Жаңаөзенде митингтер өтті. Екінші кезеңде қарақшылар мен басбұзарлар қосылды. Бұдан әрі «отты» кезеңге жетіп, қарулы лаңкестер, соның ішінде шетелдік содырлар іске араталы. Осыдан кейін олардың негізгі мақсаты белгілі болды – мемлекеттік басқару институттарын тарату, конституциялық құрылымды бұзу және түпкі нәтижеде билікті басып алу.

Әр нәрсені өз атымен атар болсақ, бұған дейін ҰҚШҰ саммитінде айтқанындай, біздің елге қарсы террористік соғыс ашылды. Жау асқан қатыгездік пен кез келген қадамға баруға дайын екенін көрсетті. Олар тіпті халық арасында қорқыныш ұялатып, қарсы шығу туралы ойды басуға талпынды.

Қазақстанға шабуыл жоспары әртүрлі аспектілерді қамтыды: әскери, саяси, идеологиялық, жалған ақпараттандыру және тағы басқалар. Билікті басып алуға дайындық жұмыстарын кәсіпқойлар жүргізді.

Бұл халықаралық лаңкестік тарапынан елімізге қарсы жасалған қарулы агрессия болғандықтан, Қазақстан

Ұжымдық қауіпсіздік шарты бойынша әріптестеріне бітімгершілік контингент жіберу туралы өтініш жасады.

Мынаны түсіну керек: осындай шешім қабылдап жатқан кезде Алматыны бақылауды толықтай уағдайға қалаға лаңкестер ойран салатын еді. Алматыдан айырылсақ, астананы да жоғалтып, кейін елімізден айырылатын едік. Қаңтардың қаралы күндеріндегі оқиғалардың мәні де осында. Елордада бітімгершілік контингент пайда болғаннан кейін Алматыға арнайы жасақтың қосымша бөлімшелерін жіберіп, қаланы сақтап қала алдық.

Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына жеке тоқталғым келеді. Бұған қатысты түрлі қауесеттің, әсіресе, шетелде тарап жатқан жаңсақ пікірдің алдын алу қажет. Бұл ұйым ұжымдық қауіпсіздік мәселелерімен айналысады.

Қазақстан – оның толыққанды құрылтайшысының бірі. Осы ұйымның барлық мүшелерінен жасақталған бітімгершілік контингенті Қазақстанға уақытша мерзімге ғана келді. Оған жүктелген міндеттер нақты айқындалған. Бұл – стратегиялық нысандарды күзету және ақыл-кеңес беріп, қолдау көрсету.

Лаңкестерге қарсы операцияны толығымен Қазақстанның күштік құрылымдары жүзеге асыруда. Шын мәнінде, солардың жанкешті іс-әрекетінің арқасында төңкеріске жол берілген жоқ.

Мемлекеттік төңкеріске, елдің тұрақтылығына қол сұғу талпыныстары сәтсіздікке ұшырады. Біз біртұтас ұлт ретінде Алматы мен өзге облыс орталықтарын бірге қорғап қалдық. Қысқа мерзімде олар қалпына келтіріледі және бұрынғыдан да көркейе түседі. Енді бұл менің тікелей міндетім және әрине, Үкіметтің жауапкершілігі.

Осы сәтті пайдалана отырып, террористік агрессияның нысанына айналған қалалардың тұрғындарына көңіл айтқым келеді.

* * *

Бүгін, сол қаралы күндер артта қалған кезде, Ішкі істер министрлігінің арнайы жасақтарының террористік агрессияның бетін қайтарудағы ерлігін атап өткім келеді. Мысалы, Алматы қаласында полицияның шағын тобы полиция департаментін басып алмақ болған бандиттердің шабуылын екі түн қатарынан тойтарып отырды.


Қиын-қыстау кезеңде Қорғаныс министрлігі мен Мемлекеттік қызметінің әскери кызметшілері де ауыроймен көзге түсті. Бірақ бәрі бірдей өзінің борышына адалдық танытқан жоқ.

→4-5

| ФУТБОЛ

«АСТАНАДА» КІМДЕР ҚАЛДЫ?

ЕЛДЕГІ ҚАҚТЫҒЫСТАР ҚАЗАҚСТАН ФУТБОЛЫНА ДА
ӘСЕРІН ТИГІЗДІ. ӘСІРЕСЕ, АЛМАТЫДАҒЫ ӘУЕЖАЙ
ЖАБЫЛЫП, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ РЕЙСТЕР ҰШПАДЫ.
СОЛ КЕЗДЕ ОТАНДЫҚ ФУТБОЛ КОМАНДАЛАРЫ ОҚУ-
ЖАТТЫҒУ ЖИЙНДАРЫНА УАҚЫТЫНДА БАРА АЛМАЙ
ЖАТТЫ. ДЕГЕНМЕН, ЖАҒДАЙ РЕТТЕЛІП, ҚАЗІР
КӨПТЕГЕН КОМАНДАЛАР ҚАРА ТЕҢІЗ ЖАҒАЛАП, ЖЫЛ
ҚҰСТАРЫ СИЯҚТЫ ЖЫЛЫ ЖАҚҚА ҰША БАСТАДЫ.
СОЛАРДЫҢ БІРІ – «АСТАНА» КОМАНДАСЫ.



Еліміздің алты дүркін чемпионы «Астананың» жағдайы бұрынғыдай емес. Клубтың бюджеті азайып, қарызы көбейген. Яғни бұрынғы ойнаған футболшылар мен бапкерлер алдында қарызы бар. Сондықтан УЕФА жаңа ойыншы тіркеуге уақытша шектеу қойған. Егер клуб қарызынан құтылмаса, командаға ойыншы қоса алмайды. Бірақ соған қарамастан «Астана» клубы құрамын өзгертіп жатыр. Жалақысы жоғары болған ойыншылардың біразынан бас тартты.

Мысалы, жақында черногогориялық қорғаушы Жарко Маркович кетті. Оның келісімшарт мерзімі аяқталды. Жарко келгенде 2019 жылы ойнаған футболшылар мен бапкерлер алдында қарызы бар. Жалпы, «Астана сапында 48 ойынға қатысып, 6 гол соққан.

Қақпашы Дмитро Непогодов та «Астанамен» қоштасты. Маркович екеуі жақында «Тобылға» ауысуы мүмкін деген ақпарат тарап елатыр. Тіпті, команда қосбасшысы Марин Томасов та «Тобыл» жейдесін киюі мүмкін екені айтылып жүр. Футболшы «Астананың» алғашқы жаттығу жиынына келмеген. Ол қазіргі команданың жағдайын бағамдап отырса керек. Томасов «Астана» сапында 161 ойын өткізіп, 75 гол соққан (64 нәтижелі асы бар).

Оқу-жаттығу жиындарында сонымен қатар, қорғаушылар – Лука Шимунович пен Лев Скворцов, шабуылшы Фатос Бечирай көрінбейді. Есесіне, Елдос Ахметов оралды. Сосын былтыр «Атырауда» ойнаған бразилиялық қорғаушы Брайан Сильва мен Беларусь Артем Рахманов және «Каспий» қақпашысы Марко Милошевич командаға қосылды.

Қош, сонымен оқу-жаттығу жиындары 31 қаңтарға дейін жалғасады. Осы аралықта команда екі жолдастық кездесу өткізеді. Алдымен, 24 қаңтарда сербиялық «ТСК» клубымен ойнаса, 31 қаңтарда Болгарияның «Арда» клубымен жасыл алаңға шығады.

**«АСТАНАНЫҢ» АЛҒАШҚЫ ОҚУ-ЖАТТЫҒУ
ЖИЙНДАРЫНА ШАҚЫРЫЛҒАН ФУТБОЛШЫЛАРЫ:**
Қақпашылар: Александр Заруцкий, Данил Подымский, Марко Милошевич
Қорғаушылар: Талғат Кусяпов, Рахат Маратов, Абзал Бейсебеков, Сағи Совет, Артем Рахманов, Елдос Ахметов, Брайан Сильва.
Жартылай қорғаушылар: Юрий Перцух, Сұлтан Сағынаев, Станислав Басманов, Макс Эбонг, Педро Эуженио, Исламбек Қуат, Мейрамбек Қалмырза.
Шабуылшылар: Абат Айымбетов, Владислав Прокопенко, Рамзан Кәрімов.
Бас бапкер: Срджан Благовечич.

БАСПАСӨЗ-2022

Мырзағали АЙТЖАНОВ,
бокстан әлемнің екі дүркін «Ең үздік бапкері»

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Қадірлі спорт жанкүйерлері, спорт мамандары, жаттықтырушылар мен спортшылар, «Қазақ спорты» газетіне 2022 жылға жазылу науқаны жалғасып жатыр.

Сүйікті газеттеріңіздің жыл бойы үйге келіп тұрғанын қаласаңыз, бір жылға толық жазылыңыздар!

«Қазақ спорты» газетінің индексі жеке жазушылар үшін – **64190**, кәсіпорындар мен ұйымдар үшін – **14190**.

ГАЗЕТТІҢ БАҒАСЫ ЖӘНЕ ҚАЙДА ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ?

«Қазпошта»						
Индекс	Жазылымды қабылдау шарттары: - жеке жазылушылар үшін - кәсіпорындар мен ұйымдар үшін - жеңілдікпен жазылу	1 ай (2 ай)	3 ай (4 ай)	6 ай	12 ай	
64190	Жеке жазылушылар үшін	446,25 464,87	1338,75 1394,61	2677,50 2789,22	5355,00 5578,44	Қала Аудан/ауыл
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	686,25 704,87	2058,75 2114,61	4117,50 4229,22	8235,00 8458,44	Қала Аудан/ауыл

«Эврика пресс»						
64190	Жеке жазылушылар үшін	487,00	1461,00	2922,00	5844,00	
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	756,00	2268,00	4536,00	9072,00	

«Еуразия пресс»						
64190	Жеке жазылушылар үшін	492,00	1476,00	2952,00	5904,00	
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	761,00	2283,00	4566,00	9132,00	

«Бектұрғанов»						
64190	Жеке жазылушылар үшін	507,00	1521,00	3042,00	6084,00	

СМОЛЯКОВ ДЕГЕН КІМ?



«АЛМАТЫ» ХОККЕЙ КЛУБЫ ӨЗ ҚАТАРЛАРЫНА МАКСИМ СМОЛЯКОВ ЕСІМДІ ХОККЕЙШІНІ ҚОСТЫ. БҰЛ ТУРАЛЫ «SNAIBA.KZ» АҚПАРАТТЫҚ ПОРТАЛЫ ХАБАРЛАДЫ.

Максим Смоляков деген кім? Ол осыдан алты жыл бұрын, дәлірек айтсақ, 2015-16 жылғы маусымда Өскеменнің «Алтай» командасында ойнап, Ресейдің Жоғарғы хоккей лигасында 14 матч өткізген. 1 шайбаның авторы атанған. Одан кейін бір рет нәтижелі пас берген. Сол жылы Смоляков командадан кетті. Содан бері өткен алты жыл ішінде хоккейші бірде бір клубта ойнамаған. Бақандай алты жыл бойы бос жүрген хоккейшіні Алматы сияқты алып қаланың командасы қалай қатарларына қосқаны түсініксіз.

ЕКІНШІ АЙНАЛЫМҒА ӨТТІ

АВСТРАЛИЯДА ӨТІП ЖАТҚАН «ҮЛКЕН ДУЛЫҒА» ТУРНИРИНДЕ ӘЛЕМНІҢ ОНЫНШЫ РАКЕТКАСЫ, ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЕЛЕНА РЫБАКИНА ЕКІНШІ АЙНАЛЫМҒА ШЫҚТЫ.

Өкінішке қарай, Рыбакина тағы бір отандасымыз Зарина Диясты жеңді. Соқыр жеребе екі спортшымызды бірінші айналымда жолықтырды. Ойын 2:1 есебімен Рыбакинаның пайдасына шешілді (7:6, 6:7, 6:1).

Екінші айналымда Елена қытай теннисшісі Чжан Шуайға қарсы ойнайды. Ч.Шуай 2019 жылы дәл осы Австралия Опен турнирінің жұптық сайысында жеңімпаз атанған. Ойын бүгін, яғни 20 қаңтарға жоспарланып отыр.



ОСПАНОВТЫҢ ҚАРСЫЛАСЫ БЕЛГІЛІ



ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ММА ШЕБЕРІ, ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ТУМАСЫ АРМАН ОСПАНОВ (11-4) МАЙАМИДЕ (АҚШ, ФЛОРИДА ШТАТЫ) EAGLE FC 44 ТУРНИРИНЕ ҚАТЫСАДЫ.

Жерлесіміздің октагондағы келесі қарсыласы француз Дилан Сальвадор (4-1) атанбақ. Қос файтер де соңғы айқастарында жеңілістің кермек дәмін татқандығын айта кеткен жөн.

Бұған дейін маусым айында Оспанов АҚШ жерінде дайындық өткізген болатын. Кейін PFL лигасында өнер көрсеткен еді. Бірақ сәтсіз болды. Ол UFC ұйымының бұрынғы спортшысы Крис Уейдпен (20-7) кездесіп, нокаутпен жеңіліп қалды.

Ал «Сұңқар» мен Сальвадордың жекпе-жегі қаңтар айының 29-ына жоспарланған.

Еске салайық, бұл күндері мұхиттың ар жағында жаттығу жасап жүрген Оспанов әлеуметтік желіде елдегі жағдайға байланысты халықты сабырға шақырған болатын.



ҚАНАТ АҚПАНДА АЙҚАСАДЫ

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ КӘСІПҚОЙ БОКСШЫ ҚАНАТ ИСЛАМ АҚПАННЫҢ 25-І КҮНІ КЕЗЕКТІ ЖЕКПЕ-ЖЕГІНЕ ШЫҒАДЫ. ОНЫҢ ҚАРСЫЛАСЫ – БРИТАНИЯЛЫҚ ДЖИММИ КЕЛЛИ.

Қанат Ислам мен Джимми Келлидің арасындағы айқас 21 қаңтарда өтуі тиіс еді. Алайда, коронавирустың қайта өршігеніне байланысты АҚШ-та бұл жекпе-жекті өткізуге мүмкіндік болмады.

Джимми Келли кәсіпқой рингте 27 жекпе-жекке шығып, соның 25-інде жеңіске жеткен тәжірибелі боксшылардың бірі. Осы аптаның басында ол өзінің жаттығу сәтін бейне-таспаға түсіріп, әлеуметтік желілерге жариялады. «Ковидке байланысты жекпе-жек кейінге шегерілсе де мен ешқашан шегінбеймін» деді ол.

«ТАРАЗ» ҮШ ОЙЫНШЫСЫНА ҚАТЫСТЫ ШЕШІМ ШЫҒАРДЫ

«ТАРАЗ» КЛУБЫ ӨЗІНІҢ ТӘЛІМГЕРЛЕРІМЕН КЕЛІСІМШАРТТЫ ҰЗАРТТЫ. БҰЛ ТУРАЛЫ КОМАНДАНЫҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ ХАБАРЛАДЫ.

Олар: Дінмұхамед Караман, Абылайхан Жұмабек және Жалғас Жақсылықов.

Мұның алдында клуб бас бапкерге қатысты шешім шығарған еді, сонымен қоса Қазақстан құрамасының жартылай қорғаушысы Бауыржан Байтанамен де жаңа келісім жасады.

Еске салайық, «Тараз» ҚПЛ-2021 маусымында оныншы болды.



ҚОҢҚАБАЕВ РЕЙТИНГТЕ ЖОҒАРЫЛАДЫ

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БОКСШЫ ҚАМШЫБЕК ҚОҢҚАБАЕВ (4-0, 3 KO) АСА АУЫР САЛМАҚТА WBA GOLD ТИТУЛЫН ЖЕҢІП АЛЫП, ДҮНИЕЖҮЗІЛІК БОКС ҚАУЫМДАСТЫҒЫНЫҢ (WBA) РЕЙТИНГІНДЕ ТӨРТІНШІ САТЫҒА КӨТЕРІЛДІ.

2021 жылдың желтоқсанында Қоңқабаев британиялық Стивен Уордты (13-2, 4 KO) жеңіп, аса ауыр салмақтағы WBA Gold титулына ие болды.

Осыдан кейін қазақстандық WBA рейтингінде 9-орыннан 4-орынға көтерілді.

Қазіргі уақытта рейтингтің үш көшбасшысы – Юниэл Дортикос (25-2, 23 KO), Алексей Егоров (11-0, 7 KO) және Баду Джек (25-3-3, 15 KO) бар.

Еске салайық, Қоңқабаев кәсіпқой рингте төрт жекпе-жек өткізіп, төрт рет жеңіске жетті.




БЕЙЖІҢ-2022: КОНЬКИМЕН ЖҮГІРУДЕН ЖАРЫС КЕСТЕСІ

БЕЙЖІҢ ОЛИМПИАДАСЫНДА КОНЬКИМЕН ЖҮГІРУДЕН 14 ЖҮЛДЕ ЖИЫНТЫҒЫ САРАПҚА САЛЫНАДЫ. БҰЛ ОЙЫНДАҒЫ ЕҢ ҰЗАҚҚА СОЗЫЛАТЫН ЖАРЫС ТҮРІ. КОНЬКИШІЛЕР ДОДАСЫ 5-19 АҚПАН АРАЛЫҒЫНДА ӨТЕДІ.



5 ақпан, 3000 м, финал, әйелдер;
6 ақпан, 5000 м, финал, ерлер;
7 ақпан, 1500 м, финал, әйелдер;
8 ақпан, 1500 м, финал, ерлер;
10 ақпан, 5000 м, финал, әйелдер;
11 ақпан, 10000 м, финал, ерлер;
12 ақпан, командалық із кесу жарысы, іріктеу, әйелдер;
12 ақпан, 500 м, финал, ерлер;
13 ақпан, 3200 м, командалық із кесу жарысы, ерлер;
13 ақпан, 500 м, финал, әйелдер;
15 ақпан, 2400 м, командалық із кесу жарысы, финал, әйелдер;
15 ақпан, 3200 м, командалық із кесу жарысы, финал, ерлер;
17 ақпан, 1000 м, финал, әйелдер;
18 ақпан, 1000 м, финал, ерлер;
19 ақпан, масс-старт, әйелдер;
19 ақпан, масс-старт, ерлер.

Конькимен жүгірушілер бәсекесі Ұлттық конькимен жүгіру стадионында өтеді. Стадион 2022 жылғы қысқы ойындарға арнайы салынған.



ЖАНКҮЙЕРЛЕРДІ 2022 ЖЫЛЫ ҚАНДАЙ СПОРТТЫҚ ЖАРЫСТАР КҮТІП ТҰР?

ӨТКЕН СИЫР ЖЫЛЫ, ЯҒНИ, 2021 ЖЫЛ ҚАЗАҚ СПОРТЫ ҮШІН СӘТТІ БОЛДЫ ДЕП АЙТА АЛМАЙМЫЗ. ӘЛЕМДІК АРЕНАЛАРДА ЕЛ НАМЫСЫН ҚОРҒАҒАН СПОРТШЫЛАРЫМЫЗ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДОДАЛАРДА ТОП ЖАРЫП, ЕЛ МЕРЕЙІН ҮСТЕМ ЕТКЕНІМЕН, ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ДОДАСЫ – ТОКИО ОЛИМПИАДАСЫНДА ЖЕҢІС ТҒЫРЫНА КӨТЕРІЛЕ АЛМАЙ, ЖАНКҮЙЕРЛЕРДІ ЖЕРГЕ ҚАРАТТЫ. ЕНДІ БИЫЛ, БАРЫС ЖЫЛЫНДА СПОРТШЫЛАРЫМЫЗДЫ ТАҒЫ ДА МАҢЫЗДЫ ЖАРЫСТАР КҮТІП ТҰР. АТАП АЙТСАҚ, АҚПАН АЙЫНДА ҚЫТАЙ ЖЕРІНДЕ АҚ ОЛИМПИАДАНЫҢ АЛАУЫ ЖАҒЫЛАДЫ. СОНЫМЕН ҚАТАР, КҮЗДЕ ЖАЗҒЫ АЗИА ОЙЫНДАРЫ ҚЫТАЙДЫҢ ХУАНЧЖОУ ҚАЛАСЫНДА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛАДЫ. БІЗ БҮГІН ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА 2022 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ СПОРТТЫҚ ЖАРЫСТАРЫ ҚАЙДА, ҚАШАН ӨТЕТІНІ ТУРАЛЫ БАЯНДАЙМЫЗ.

ФУТЗАЛДАН ЕУРОПА ЧЕМПИОНАТЫ (19 ҚАҢТАР – 6 АҚПАН)

Кеше Нидерландтың Амстердам және Гронинген қалаларында футзалдан Еуропа чемпионаты басталды. Былтыр күзде әлемдік жарыста үздік төрттікке кірген Қазақстан құрамасының жолына жанкүйерлер зор сеніммен қарап отыр. Біздің жігіттер 2016 жылы Еуропа чемпионатына тұңғыш рет қатысып, қола жүлдеге ие болған. Ал, 2018 жылы жартылай финалға дейін жетіп, Еуропаның үздік төрт командасының қатарында болды. Бұл жолы да Қазақстан құрамасына артылар сенім мол. Бүгін Кака бастаған құрама жігіттері алғашқы ойындарын Словенияға қарсы өткізеді. Біздің топта Словениядан бөлек Италия мен Финляндия құрамалары бар.

ҚЫСҚЫ ОЛИМПИАДА (4-20 АҚПАН) БЕЙЖІҢ, ҚЫТАЙ

Биылғы жылдың ең басты жарысы – қысқы Олимпиада. Төрт жылда бір өтетін жарыс Қытайдың Бейжің қаласында ұйымдастырылады. Ақ Олимпиаданы осымен үшінші рет Шығыс Азиядағы қалалар қабылдап жатыр. Олимпиадада қысқы спорттың жеті түрінен 109 медаль жиынтығы сарапқа салынады. 2018 жылы Пхенчханда 102 медаль болған. Олимпиаданы жалғыз Бейжің емес, оның қасындағы Яньцин және Чжянцзюкоу қалалары да қабылдамақ. Олимпиаданың ашылу салтанаты Бейжіңдегі орталық стадионда өтеді. Бұл 2008 жылы жазғы Олимпиадаға арналып салынған. Осы жолы гендерлік саясатқа қатты мән берілді. Әйел спортшылардың үлесі 2018 жылмен салыстырғанда 41 пайыздан 45-ке дейін көбейді. Олимпиададан кейін Паралимпиада бар. Дәл сол Бейжіңде бір айдан кейін – 4-13 наурызда өтеді.



ШАЙБАЛЫ ХОККЕЙДЕН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ (13-29 МАМЫР) ХЕЛЬСИНКИ ЖӘНЕ ТАМПЕРЕ ҚАЛАЛАРЫ (ФИНЛЯНДИЯ)

Хоккейден өтетін әлем чемпионаты да жанкүйерлер асыға күтетін додалардың бірі. Қазақстан құрамасы былтыр Латвиядағы біріншілікте бірнеше сенсация жасаған болатын. Бірақ соңғы сәтте плей-оффқа шығатын мүмкіндіктен айырылып қалған еді. Енді биылғы чемпионатта Канада, Ресей, Германия, Швейцария, Словакия, Дания және Италия құрамаларымен мен бір топта күш сынасады. Чемпионаттағы алғашқы ойын Дания құрамасымен 14 мамырға жоспарланған.

ДЗЮДОДАН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ (7-14 ТАМЫЗ) ТАШКЕНТ, ӨЗБЕКСТАН

Қазақстанда дзюдо жанкүйерлері өте көп. Сондықтан Өзбекстан астанасында өтетін әлем чемпионатына да назар аударатын көп болары анық. Былтырғы Токио олимпиадасынан кейін құрама тағы жаңарды. Елдос Жұмаханов, Отгонцэцэг Галбадрах секілді спортшылар карьерасын аяқталды. Елдос Сметов пен Ғұсман Қырғызбаев 66 келі салмаққа ауысты. Жана салмақта қос жампоздың аяқ-алыстары қалай болар екен. Оны тамыз айындағы Ташкент татамиінен тамашалайтын боламыз. Дегенмен, биыл Қытай елінде өтетін жазғы Азия ойындары да бар. Еліміз үшін Азия ойындарының орны ерекше. Сондықтан бас

бапкер Ғалымжан Жылкелдиев жазғы Ойындарға негізгі құрамды сақтап, әлем чемпионатына биыл ел біріншілігінде топ жарған жас спортшыларымызды да жіберуі мүмкін. Мұны енді Жылкелдиев бастаған бапкерлер кеңесі шешеді.

ЖАЗҒЫ АЗИА ОЙЫНДАРЫ (10-25 ҚЫРКҮЙЕК) ХАНЧЖОУ, ҚЫТАЙ

Осыдан төрт жыл бұрын Қазақстан спортшылары Индонезияда өткен жазғы Азия ойындарында сәтсіз өнер көрсетіп, небары тоғызыншы орынға тұрақтаған болатын. Содан бері не өзгерді? Оны енді тоғыз айдан кейін Ханчжоуда өтетін Ойындарда көретін боламыз. Соңғы Азия ойындарындағы тоқырау Токио олимпиадасына да әсер еткенін баршамыз көрдік. Енді одан сабақ шығарамыз ба?

КҮРЕС ТҮРЛЕРІНЕН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ (10-18 ҚЫРКҮЙЕК) БЕЛГРАД, СЕРБИЯ

Отандық күреске көңілі толмайтындар көп. Әсіресе, грек-рим күресінің спортшылары Олимпиада ойындарынан жүлде алуды ұмытты. Федерацияның ішінде де дау-дамай көп. Өткен жылдың соңында басшылық екі рет ауысты. Алғашында Ерлан Қожасбай президент болып сайланса, кейін қызметке Дәулет Тұрлыханов келді. Бұл өзгерістер енді күрестің дамуына әсер етсе деп үміттенеміз.

Әлем чемпионатынан алтын алмағанымызға 20 жылдан асып кеткенін талай жаздық. Жылда сенім артумен шектеліп жүрміз.

ФУТБОЛДАН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ (21 ҚАРАША – 18 ЖЕЛТОҚСАН) КАТАР

Футболдан әлем чемпионаты алғаш рет қыс мезгілінде өткізілмек. Бұған дейін жаз кезінде ұйымдастырылып келген дүбірлі дода биыл қараша-желтоқсан айларына жоспарланған. Өйткені әлем чемпионаты алғаш рет Таяу Шығыста өткізілмек. Яғни Катар мемлекеті қабылдайды. Жанкүйерлер финалдық кездесуді 18 желтоқсанда Лусайлдегі Ұлттық стадионда тамашалай алады.

P.S. Біз атаған жарыстардан бөлек, биыл басқа да маңызды жарыстар тағы бар. Мәселен, алдағы ақпан айында футболдан Чемпиондар лигасы мен Еуропа лигасының плей-офф бәсекелері жалғасады. Сонымен қатар, жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін теннистен «Үлкен Дулыға» турнирлерін жанкүйерлер асыға күтіп отыр. Велоспортта «Джиро д'Италия», «Тур де Франс» сияқты бүкіл әлем көз тігетін велошабандоздардың да бәсекесі бар. Шіліңгір шілдеде «спорт ханиайымы» саналатын жеңіл атлеттердің әлемдік жарысы да биылғы Барыс жылына жоспарланған.

Бек ТӨЛЕУ

АҚ ОЛИМПИАДА ТУРАЛЫ АЛТЫ ДЕРЕК

БЕЙЖІҢДЕГІ АҚ ОЛИМПИАДАНЫҢ БАСТАЛУЫНА АЗ УАҚЫТ ҚАЛДЫ. ТӨРТЖЫЛДЫҚТЫҢ ЕҢ ІРІ СПОРТТЫҚ ЖАРЫСЫ ОСЫМЕН 24-ШІ РЕТ ӨТКЕЛІ ОТЫР. ОСЫ РЕТТЕ ҰЛТТЫҚ ОЛИМПИАДАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ ҰСЫНҒАН ҚЫСҚЫ ОЙЫНДАР ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕРГЕ КӨЗ ЖҮГІРТЕЙІК.

Қытай – қысқы және жазғы Олимпиаданы қабылдаған алғашқы мемлекет болмақ. Осы орайда, Олимпиада кезінде жаңа нысандардан бөлек, 2008 жылғы жазғы ойындарға қолданылған спорттық нысандар да қолданылады. Мәселен, Олимпиаданың ашылу және жабылу салтанаты «Құс ұясы» ретінде танылған Бейжіңнің ұлттық стадионында өтеді. 2008 жылғы жазғы ойынның салтанатты шаралары да сол кешенде өткен болатын.

Олимпиада бағдарламасына енген жаңа жарыс түрлерін айтқанда гендерлік теңдікті де атап өту қажет. 2022 жылғы Бейжің Олимпиадасының бағдарламасын жеті жаңа жарыс түрі қосылды. Атап айтар болсақ, спорт-тректен аралас эстафета, шаңғы акробатикасынан, шаңғымен тұғырдан секіруден және сноуборд-кросстан аралас командалық турнир, фристайлдан ерлер мен әйелдер арасындағы биг-эйр, сондай-ақ, монобобтан әйелдер арасындағы бәсекеден жүлделер таратылады.

Бейжің Олимпиадасының жарыс күнтізбесіне тоқталайық. Ойынның ашылу салтанаты 4 ақпан күні, жабылуы 16 ақпанда өтеді. Бәсекелер



ресми түрде ашылу салтанатынан екі күн бұрын басталып кетеді.

Бейжіңдегі Олимпиада және Паралимпиада ойындарына арнап салынған 12 спорттық нысанның барлығы да аяқталды. Үш олимпиадалық ауыл, басты медиа-орталық, ұлттық стадион және өзге де нысандар қолданысқа берілді. Осылайша, Олимпиаданың басталуына екі айдан аса уақыт қалғанда Бейжің қаласы қысқы ойындарды қабылдауға толық дайын болды.

Атлеттердің өміріндегі ең есте қаларлық сәттердің бірі – марапаттау рәсімі. Бейжің Олимпиадасын ұйымдастырушылар бұл сәттің керемет өтуіне бар жағдай жасап отыр. Қаңтар айының басында марапаттау рәсімінің атрибуттары таныстырылды. Таныстырылым аясында көпшілікке гүлдер, тұғыр мен



марапаттаушылардың киімдері көрсетілді. Айта кетелік, Олимпиада жеңімпаздары гүлден бөлек арнайы тапсырыспен дайындалған ойынның бойтұмарын да сыйға алады.

Олимпиадалық ауылдағы бөлмелер әртүрлі. Бір спортшыға, екі спортшыға арналған бөлмелер бар. Әр бөлмеде жылытқыш пен кондиционер орналастырылған. Мұның бәрі смартфондағы қосымша арқылы басқарылады. Керуееттерді биіктігіне, ұзындығына қарай реттеуге болады. Токиомен салыстаратын болсақ, мұндағы керуееттер картоннан жасалмаған. Олимпиадалық ауылда спортпен шұғылдануға бар жағдай жасалған. Фитнес құралдарының 27 түрі бар, жалпы есебі 139 тренажер қолданысқа беріледі. Фитнес-орталық та тәулік бойы жұмыс істейді. Бұдан бөлек, спортшылар демалатын орын, кофехана, банк да орналасқан.

Нысандарда спортшыларға бетперде киіп, қолын жиі жуып, артық әңгімелесуден аулақ болуды ескертетін роботтар бар. Олимпиадашыларға арналған ас мәзірі 4 жыл бойы дайындалды. Қорытынды мәзірге 678 тағам енген. Осы орайда, біраз жайт есепкеалынды: диета, діни көзқарас және тағы да басқа (вегетериандық ас, халал тамақ). Әрине, ас мәзірінде дәстүрлі қытай тағамдары да бар. Асханадағы тамақ ішетін ыдыстар да экологиялық таза болып есептеледі. Пандемияға байланысты асханада спортшыларға бетперде мен қолғап, спирт жағылған мақта мен санитайзерлер беріледі.

«Қасиретті қаңтар» сабағы:

ҚОҒАМ ТҰТАСТЫҒЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан Республикасы

← 1

Бірқатар қалада Ұлттық қауіпсіздік комитеті департаментінің басшылары жеткілікті әскери арсенал болғанына қарамастан, қызметтік ғимараттарды ондағы қару мен құпия құжаттармен бірге соғыссыз тастап кетті.

Енді алғашқыда атқаратын жұмыстың бағытын айқындап бергім келеді. Бірінші. Антитеррорлық қимылдарды табысты аяқтау қажет. Азаматтарымыздың қалаларда, елді мекендерде және ауылдарда жақындары мен балаларын уайымдамай жұмыс істеп, еркін жүріп-тұрып, оқи алуы үшін құқықтық тәртіпті толықтай қалпына келтіру керек.

Жалпы, контртеррористік операцияның негізгі фазасы аяқталды. Еліміздің барлық өңірінде ахуал тұрақты. Осыған байланысты ҰҚШҰ-ның бітімгершілік күштерінің негізгі миссиясы сәтті аяқталды деп мәлімдеймін. Екі күннен кейін ҰҚШҰ-ның бірлескен бітімгершілік контингентін кезең-кезеңмен шығару басталады. Контингентті шығару процесі 10 күннен аспайды.

Екінші. Содырлар мен олардың бейбіт тұрғындарға қарсы қылмыстарға қатысы бар сыбайластарын түгел тауып, жазалау керек. Лаңкестік шабуылдардың артында кім тұрғанын тыңғылықты анықтау өте маңызды.

Тағы бір өзекті мәселе – содырлардың жасырын «ұяшықтары» мен олардың командалық пунктінің қызметі не себепті мемлекеттің назарынан тыс қалды? Неліктен еліміздің аумағында осыншама заңсыз қару мен арнайы құралдар бар болып шықты? Терроризм нысандарын анықтау мен бейтараптандыру бойынша агентура жұмысы неліктен жүргізілмеді? Арнаулы жедел тергеу тобы өз жұмысын сапалы әрі толық көлемде атқарып, трагедияның барлық себебі мен мән-жайын ашуы керек.

Үшінші. Қаза болған тәртіп сақшыларының, әскери қызметшілер мен қарапайым азаматтардың отбасына көмек көрсету – біздің қасиетті борышымыз. Бұл мәселе менің жігі бақылауыма болады. Тұрғын үймен, оқумен және басқа да қажетті нәрселер қамтамасыз ететіз.

Төртінші. Қысқа мерзім ішінде қираған дүние-мүлікті қалпына келтіру керек. Толығымен қалыпты өмірге ораламыз. Қаржы жүйесі мен көлік саласының, азық-түлік жеткізу ісінің еш кедергісіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету қажет. Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің тапшылығын, бағаның негізсіз көтерілуін болдырмау маңызды. Үкімет комиссиясы өз жұмысын бастап кетті. Ол азаматтар мен бизнеске қолдау көрсетеді. Мемлекет қаржылай көмекпен қатар, кәсіпкерлерге басқа да қолдау түрлерін ұсынады. Атап айтқанда, несиелер бойынша пайыздық төлемдер, айыппұл мен өсімпұл белгілеу тоқтатыла тұрады.

Бесінші. Еліміздің қауіпсіздігін нығайту және қауіп-қатердің алдын алу үшін шұғыл шараларды жүзеге асыру қажет. Біз сарбаздарды, әскери техника мен қару-жарақты қажетті жерге жедел жеткізу үшін әскери-көлік авиациясы паркін толықтыру ісін қолға аламыз.

Мемлекеттік шекараны нығайтуымыз керек. Көші-қон, соның ішінде ішкі көші-қон саласын тәртіпке келтіретін кез келді. Қару-жарақ айналымын мұқият тексеріп, оны заң тұрғысынан реттеу қажет. Шұғыл түрде қираған ғимараттар мен арнаулы техниканы жөндеп, бейнебақылау жүйесін іске қосып, құқық қорғау органдарының қызметін қалпына келтіру керек.

Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің барлық жүйесін түбегейлі қайта құру сынды стратегиялық міндетке ерекше тоқталғын келеді. Қарулы күштеріміздің, құқық қорғау құрылымдарымыздың, Ұлттық қауіпсіздік органдарымыздың, сыртқы барлау қызметтеріміздің жұмысын қайта құру қажет. Олардың барлығы бір мақсатқа – кез келген сипаттағы және ауқымдағы қатер кезінде азаматтарымызды, конституциялық құрылымды, егемендікті барынша тиімді қорғауға жұмыла жұмыс істеуге тиіс. Мұны мемлекетіміздің негізгі мүдделері талап етеді. Бұл міндетті шешу үшін келесі басымдықтарға назар аудару қажет.

Біріншіден, құқық қорғау жүйесін реформалауға шұғыл түзетулер енгізу қажет. Біз полицияның сервистік моделін құру және қылмыстық процесті жаңғырту ісінде біршама ілгеріледі. Бірақ жаппай террористік шабуылдарға қарсы тұруға дайын болуымыз керек. Күштік құрылымдардың қолбасшылары жаңа жауынгерлік дағдыларды шыңдауға, қорғаныс пен шабуылдаудың тиімді құрал-жабдықтарымен жабдықтауға шұғыл кірісуі қажет.

Екінші. Ұлттық ұланды сан мен сапа тұрғысынан нығайту. Өңірлерде оның жаңа бөлімшелерін жасақтап, бар



бөлімшелерді күшейте, көліктік және материалдық-техникалық қамтамасыз ету мәселелерін шешу қажет.

Ішкі істер министрлігінің арнаулы мақсаттағы құрылымдарының және Ұлттық ұланның санын ұлғайтып, әскери дайындығын күшейту керек. Қажетті материалдық-техникалық жабдықтармен қосымша жарақтандыру қажет. Бүкіл күштік құрылымдардағы арнаулы бөлімшелер қызметкерлерінің жалақысы көтерілсін.

Үшінші. Полицейлердің құқықтық қорғалуын арттыру. Білік өкілдеріне шабуыл жасау мен заңға бағынбайтындар үшін жауапкершілікті күшейту қажет.

Төртінші. Әскердің жауынгерлік қабілетін арттыру. Қысқа мерзімде Арнаулы операция күштері қолбасшылығын құру. Бесінші. Шекара қызметінің ұйымдастыру және басқару принциптерін қайта қарау керек. Мемлекеттік шекараны әскери қорғаудан жедел жұмыс әдістеріне баса назар аудартқан реформаларға ревизия жүргізу.

Алтыншы. Сыртқы, әскери, қылмыстық және қаржылық барлауды қоса алғанда, барлау қызметін толықтай құру қажет. Жетінші. Түрлі күш құрылымдары арасындағы тиімді үйлестіруді қамтамасыз ету керек. Дағдарыс жағдайындағы мемлекеттік органдардың іс-қимылдарының алгоритмдері өзектендіріліп, ведомствоаралық үйлестіру күшейтілуі қажет. Барлық күш құрылымдарының жедел және әскери-техникалық сәйкестілігін жолға қою керек.

Сегізінші. Қарулы Күштердің өздігінен шешім қабылдай алуын қамтамасыз ету, басшыларының жауапкершілігін күшейту қажет.

Тоғызыншы. Діни экстремизмге қарсы күресте жүйелі іс-шаралар кешенін іске асыру. Олардың қиралып, әсіресе қылмыстық-атқару мекемелерінде сыбайласып кетуіне мүлдем жол бермеу керек. Таяуда Қауіпсіздік кеңесінің отырысын өткіземіз. Ол жерде жоғарыда айтылған жайттар ортаға салынып, шешу жолдары қаралады.

Қайғылы жағдай негізінен күрделі әлеуметтік-экономикалық мәселелер мен кейбір мемлекеттік органдар жұмысының тиімсіздігі, нақты айтқанда, олқылығы салдарынан болғанын мойындау керек. Жеке атқарушы органдардың күрделі жағдай мен азаматтардың қажеттіліктерінен айтарлықтай алшақтауы байқалды. Білік құрылымдарының өкілдері халықтың өміріне, олардың ұмтылыстары мен қажеттіліктеріне қатысты қате көзқарас қалыптасты.

Тенсіздік мәселесі де ушыға түсті. Ол жылдан-жылға қиындай берді, ал халық табысы қағаз жүзінде болса да жыл санап өсіп жатқандай көрінді. Алайда елеулі орташа табыстың артында қоғамдағы мүлктік күшті жіктелу жасырынып жатыр. Азаматтардың көптеген күрделі проблемасы шешілген жоқ.

Халықты сапалы өмірмен қамту мен әл-ауқатын жақсарту – мемлекеттің басты міндеті. Бұл сөздерді шынайы іске айналдыру қажет. Халықтың табысы экономикамен қатар өсуі керек. Бұл өзгермейтін аксиома біздің жағдайымызда жұмыс істемей тұр.

Елде құрылған әлеуметтік-экономикалық жүйе жалпы ұлттық табысты арттыруда өзінің тиімділігін көрсетті. Бірақ оны бөлісуде тиімсіз екені аңғарылды. Мұны бәріміз жақсы түсініп отырсыздар.

Экономикалық өсуден негізінен қаржылық және олигархиялық топтар пайда тауып отырды. Қалыптасқан олигополиялар еркін нарықтың дамуын айтарлықтай шектеп, елдің бәсекеге қабілеттілігін төмендетті.

Ең алдымен, еліміздің жаңа экономикалық тұғырын қалыптастыруды мықтап қолға алу қажет. Экономикалық саясатымыздың мақсаты – айқын. Бұл – заман талабына сай әлеуметтік бағдары бар нарықтық экономика құру және дамыту.

Бұл жүйенің өзегінде қоғам алдындағы жауапкершілігін сезіне білетін кәсіпкерлеріміздің ауқымды тобы тұратыны анық. Яғни бұл – өзінің және балаларының тағдырын Қазақстанмен ғана байланыстыратын кәсіпкерлер.

Дәл осындай кәсіпкерлер ел болашағы үшін өзіне жауапкершілік алуға дайын. Сол себепті, кәсіпкерлікті дамыту үшін жүйелі жұмыс атқару өте маңызды. Мен бизнеске түскен бюрократиялық салмақты айтарлықтай азайтып, оның өсіп-өркендеуіне жол ашатын заңға қол қойдым. Үкімет осы заңның әлеуетін нақты іс жүзінде пайдалануы қажет.

Мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігі мен қолжетімділігі туралы көптеген әділ сұрақтар туындап жатыр. Қалыптасқан жүйе негізінен ірі құрылымдарға «достарға – бәрі, қалғандарына – заң бойынша» қағидатымен қызмет көрсетуге бағдарланған. Шын мәнінде қазіргі жүйе экономикадағы олигополияны одан әрі күшейтеді. Ірі кәсіпорындар бәсекелестікті тұншықтырып, реформаны тоқтататын ерекше артықшылықтарға ие.

Мысалы, Қазақстан даму банкі қаржы-өнеркәсіптік және құрылыс топтарынан өкілдік ететін таңдаулы тұлғалардың жеке банкіне айналды. Бәрінің аты-жөнін білеміз. Жоғары кабинеттерге кіре алатынын пайдаланып, олар өз жобаларын іске асыруда артықшылық алып отыр. Бұл жобаларға кеткен мемлекеттің қаражатын шағын және орта бизнеске қолдау болатын еді.

Үкіметке Қазақстан даму банкінің қызметін қайта құруды тапсырамын. Мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну үдерістерін ашық емес әрі тиімсіз болып отыр. Бұл тәсілдерді түбегейлі қайта қарау керек. Бұл түсінікті әрі ашық тетіктер болуы қажет. Өңірлерде шағын және орта бизнесті дамытуға ерекше көңіл бөлген жөн.

Әділ бәсекелестік біздің экономика үшін басты талапқа айналуға тиіс. Бүгінде бағаны ымыраласа отырып белгілеу қалыпты нәрсеге айналды. Мемлекеттік және квазимемлекеттік сектордың сатып алу саласында картельді келісімдер жасасу кенінен тарап кетті. Мысалы, мен былтыр фармацевтика нарығындағы картельді ретке келтіруді тапсырдым. Бірақ кейбіреулер заңнамадағы кемшіліктерді желеу етіп, бұл жұмысты аяқсыз қалдыруға тырысуда. Сондықтан картельді келісімдер жасасты деген күдік болған жағдайда мемлекеттік сатып алуға қатысушыларды тексеруге тыйым салу туралы мораторийдің күшін жоюды тапсырамын.

Келесі мәселе. Жылдан-жылға біздің азаматтарымыз бен кәсіпкерлеріміз жанар-жағармай өндіру және оны бөліп-тарату жүйесінің ашық болмауынан зардап шегіп келеді. Тіпті жанар-жағармай бағасын жарты жыл бойы қолдан реттеуге мәжбүр болып отырмыз.

Осы кезеңде Бас прокуратура Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігімен, сондай-ақ Энергетика министрлігімен бірлесіп, осы саладағы жұмыстарды ретке келтіруге, оны реформалау үшін кешенді ұсыныстар әзірлеуге тиіс. Егер бұл жұмыс бір жолға қойылмаса, жанар-жағармай бағасын реттеу жүйесі сақталмайды.

Келесі мәселе – «Самұрық-Қазына» қоры қызметінің тиімділігі. Бүгінде бұл қордың активі еліміздің ішкі жалпы өнімінің 60 пайызына жуықтайды. Яғни осы ұйымның тиімді қызметі бүкіл

экономикамызды өркендетуге тікелей әсер етеді. Қордың КЕГОК, Қазқаз және Қазақстан темір жолы сияқты инфрақұрылымдық компаниялары экономикамыздың барлық дерлік секторының тиімділігін айқындайды.

Осы тұста, қор өзінің негізгі міндетін орындап отыр ма, яғни ұлттық байлықты еселей алды ма деген орынды сұрақ туындайды. Қомақты жалақы алатын қызметкерлері, директорлар кеңесі немен айналысады? Қызметі өте қымбат консалтинг компанияларын және шетелдік мамандарды жұмысқа тартқаннан пайда бар ма?

«Самұрық-Қазына» қоры еліміздің стратегиялық активтерін басқару ісінде басты рөл атқарады. Сондықтан Үкіметке Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігімен бірлесіп, квазимемлекеттік секторды түбегейлі реформалау үшін ұсыныстар әзірлеуді тапсырамын. Егер Қорды реформалау мүлдем мүмкін болмаса, ондай құрылымның экономикамызда болмағаны жөн.

Қордың сатып алуларының ашықтығына қатысты мәселелер бар. Шағымдар жиі түседі. Осы мәселелердің міндетті түрде жауабын табу керек. Әсіресе, мемлекеттік сатып алуды бір тараппен ғана келісімшарт жасауға мүмкіндік беретін негіздерді азайту маңызды. «Самұрық-Қазына» қоры мен басқа да ұлттық компаниялардың сатып алулар тәртібін қайта қарастыру міндеті алда тұр.

Бытыр реттелетін сатып алулар туралы заң шықты. Алайда мәселелердің көбі бұрынғыдай заңға тәуелді актілер мен Қордың өз шешімі деңгейінде шешіледі. «Самұрық-Қазына» ережелері мен рәсімдерін Қаржы министрлігі мен Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігімен келісуді қамтамасыз ету керек.

Экономикалық өсім мемлекеттің экономикадағы үлесін азайтумен тығыз байланысты. Бірақ жекешелендіру жүйелі және ашық жүргізіліп жатқан жоқ. Атап айтқанда, бәсекелестік ортаға берілуге тиіс активтерді іріктеу тәсілдері айқындалмаған. Оны шұғыл әзірлеу қажет. Үкіметке Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігімен бірлесіп, тиісті Мемлекеттік комиссияны жекешелендіруге қатысты шешімдерінің толық ашық әрі айқын болуын қамтамасыз етуді тапсырамын.

Экономиканы әртараптандыру – күрделі міндет. Әртараптандыру болмаса, азаматтарымыздың әл-ауқатын арттырып, тұрақты жұмыс орындарын ашу мүмкін емес. Бұл жұмыстың басты бағыты – өңдеу өнеркәсібін дамыту. Дегенмен ел экономикасындағы өңдеу өнеркәсібінің үлесі айтарлықтай өсті деп айтуға келмейді.

Біз әлі күнге дейін бірқатар өнім түрінен импортқа тәуелдіміз. Жыл өткен сайын еліміздің төлем балансында өткір тапшылық байқалауда. Алюминийден, мыстан жасалған дайын бұйымдар және машина жасау саласына қажетті жабдықтар әлі күнге дейін шетелден әкелінеді.

2020 жылдың қорытындысы бойынша тек мұнай-газ және тау-кен машина жасау саласының импорты 4 миллиард доллардан асты. Әлде еліміздегі кейбір адамдар ахуалдың дәл осындай күйде болуына мүдделі ме? Үкімет бүкіл өнеркәсіп саласына терең талдау жұмысын жүргізуге тиіс.

Шикізат қорын, құзыреттері мен экономикалық тиімділікті ескере отырып, бәсекеге қабілетті секторларды анықтау керек. Жүргізілген талдаудың негізінде нақты жобаларды әзірлеп, инвесторларды тарту қажет. Бұл – Үкіметтің жаңа құрамының алдында тұрған басты міндеттердің бірі.

Келесі. Кәсіпкерлер мен жалпы қоғам тарапынан «Оператор РОП» деп аталатын компанияның қызметіне қатысты көптеген сұрақ туындап отыр. Тіпті осы жеке компанияға қарсы қоғамдық қозғалыс ұйымдастыруға дейін жетті. Үкіметке «Оператор РОП» ЖШС-ның утильдік алым жинау мен пайдалануын тоқтату бойынша шара қабылдауды тапсырамын. Мұнымен шет елдердегідей мемлекеттік ұйым айналысуы керек. Алымдардың өзіне келсек, олардың ставкасы қайта қаралғаны жөн. Мемлекеттің утилизациялау, автомобильдік өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы машиналарын жасауға қолдау көрсетуін ешкім тоқтатқан жоқ. Бұл мәселені бизнеспен және қоғаммен конструктивті түрде талқылау керек.

Отандық автокөлік пен ауыл шаруашылығы техникасын сатып алушыларға утильдік алым есебінен ваучер беру мәселесін қарастырған жөн. Осы және өзге де утильдік алым қаражатын қоғамға пайдамен жарату тәсілдерін қарастырыңыздар.

Біздің қоғамды, әсіресе елорда тұрғындарын тітіркендіретін демесек, қатты алаңдататын тағы бір мәселе – ЛРТ құрылысы. Ол кәдімгі инфрақұрылымдық жобадан елдің абырой-беделіне нұқсан келтіретін күрделі проблемаға айналды. Орасан зор қаражат жұмсалды, қарыз алынды. Шетелдік әріптестер алдында ауқымды келісімшарттық міндеттемелер қабылданды. Бұл жоба әу бастан қателік еді, оны мойындау керек. Оған қоса, бұл жобадан күшті жемқорлықтың иісі шығады.

Енді онтайлы шешім қабылдау қажет. Себебі оны жай ғана бұза салу уақыт пен ақшаны жоғалтуды білдіреді. Бізде отандық және шетелдік сәулетшілер мен урбанистерді шақырып, жобаны пайдаланудың ықтимал нұсқаларын анықтаудан басқа таңдау жоқ.

Ауыл шаруашылығына ерекше назар аудару керек. Соңғы жылы елімізде қуаңшылық болды. Былтырға қарағанда жиналған астық көлемі 4 миллион тоннаға кеміді. Бұл шикізатпен және жемшөппен қамтамасыз ету ісіне әсер етті. Болжам бойынша биыл да ахуал күрделі болуы мүмкін. Үкімет тұқыммен, жем-шөппен, тыңайтқышпен қамтамасыз ету мәселелерін және егін егу науқанын қатаң бақылауда ұстауға тиіс.

Субсидияны тұрақты беруге қатысты мәселе жиі көтеріледі. Мен бұған дейін субсидиялау тәсілдерін қайта қарау қажеттігі туралы тапсырма берген болатынмын. Бұл жұмыс қысқа мерзім ішінде атқарылуға тиіс. Біз субсидия алушы жөнінде дегенге, оның қолжетімді болуын және ашықтығын қамтамасыз етуге тиіспіз.

Жуырда болған заң бұзушылықтардың қайталануына жол бермеу маңызды. Алдағы үш жылда азық-түлік қауіпсіздігі мәселесін түбегейлі шешу қажет. Бұл Үкімет пен әкімдердің алдында тұрған негізгі басымдық екеніне айрықша назар аударамын. Егер нарықта азық-түлік тауарлары мол болмаса, инфляцияны ұстап тұруға ешқандай шара көмектеспейді.

Макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін бюджет кірістерінің қосымша көздері қажет. Шикізат бағасының жоғары болуына байланысты тау-кен өнеркәсібі саласындағы кәсіпорындардың кірісі өсті. Мұны білеміз.

Үкіметке бюджетке қосымша кірістер мәселесін пысықтауды тапсырамын. Ессесіне жаңа кен орындарын барлау мен игеруге ауқымды жөнілдіктер беруге болады. Мен ірі тау-кен және басқа компаниялар туралы айтып отырмын.

Қолайлы нарық жағдайында бензин өндірушілер мен әртүрлі делдалдар қосымша пайда алады. Осы маржаның бір бөлігін акциздер арқылы бюджет пайдасына алу қажет деп санаймын. Үкімет тиісті есептеулер жүргізуі керек. Бұл ретте бағаның өсуіне жол бермеу қажет.

Бюджет кірістерін арттырудың айтарлықтай әлеуеті келенде тәртіп орнатумен байланысты. Әсіресе Қытаймен шекарада. Онда болып жатқан нағыз былықтар бәріне мәлім. Машиналар тексерілмейді, салықтар мен баждар төленбейді. Қытайдың кеден органдарымен салыстырмалы статистикадағы сәйкессіздік миллиардтаған долларға жетеді. Қол сұғымайтын мәртебесі бар «уәкілетті операторлар» бар. Еліміз салық түрінде ондаған миллиард теңге жоғалтып отыр. Бұлай болмайды.

Бас прокуратураға Қаржы министрлігімен, Қаржы мониторингі агенттігімен және басқа да мүдделі органдармен кешенді тексеру жүргізіп, кедендік шекарадағы тәртіпті қамтамасыз етуді тапсырамын.

Бюджет кірістері туралы айтқанда, шығыстардың жекелеген баптарына тоқталмауға болмайды.

ТӘУЕЛСІЗДІК КЕПІЛІ

Парламенті Мәжілісінің отырысында сөйлеген сөзі

Үкімет мүшелері мен депутаттардың, әкімдердің еңбекақыларына тоқталайын. Өткен жылдың соңында бұл мәселе қоғамда қызу талқыланды. Негізгі аталған санаттағы мемлекеттік қызметшілердің жалақысы толығымен жеткілікті деп санаймын. Сондықтан Үкімет мүшелерінің, өңірлер әкімдерінің және депутаттардың жалақысын көтеруге бес жылдық мораторий жариялауда болады деп есептеймін.

Бұл Мәжіліс депутаттары үшін жақсы жаналық емес екенін түсінемін, бірақ сіздер бұл жаңалықты түсіністікпен қабылдайсыздар деп ойлаймын. Әкімшілік мемлекеттік қызметшілер мен бюджеттегілердің еңбекақысын бюджет мүмкіндіктерінің өсуіне қарай арттыруды жалғастырамыз.

Қаржы жүйесінің тұрақтылығы ұлттық экономиканы одан әрі дамытудың кепілі екені белгілі. Экономика өсіп, халықтың табысында алшақтық пайда болғандықтан, тұтыну несиелері айтарлықтай артты. Оның мөлшері бизнесті несиелеу көлемінен асып кетті. Халық қазіргі уақытта көп несие алып жатыр. Осыны ескерсек, бұл қаржы нарығын құбылтып, әлеуметтік тұрақсыздық қаупін тудыруы мүмкін.

Үкімет жеке тұлғалардың банкроттығы туралы заң жобасын әзірлеуді бастады. Бірақ бұл тығырықтан шығатын жол емес. Ең алдымен, шектен тыс қарыздың көбеюін болдырмау қажет. Сондықтан Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне Ұлттық банкпен бірлесіп, пруденциалды реттеу тетіктері арқылы нақты әрі жедел шешім қабылдауды тапсырамын.

Валюта нарығындағы тұрақтылықты қамтамасыз етпейінше тұрақты экономикалық өсім мүмкін емес. Орын алған оқиғалар, төтенше жағдай режимі салдарынан ұлттық валютаға айтарлықтай алақтық қысым тәуекелі туындады. Ұлттық банк пен Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне нарықтың сыртқы және ішкі қатысушылары тарапынан теңгесенім толықтай қайта қалпына келгенге дейін валюта нарығының тұрақтылығын қамтамасыз етуді тапсырамын.

Қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыру мақсатында жалақы мен зейнетақыны бірнеше рет көтердік. Бірақ әрдайым бағаның бақылаусыз өсуімен бетпе-бет келеміз. Бірнеше жыл бойы жоғары инфляция экономикамыздың басты проблемасы болып отыр. Ол экономикалық және әлеуметтік саясаттың тиімділігін төмендетеді. Бұл мәселеге нүкте қоятын кез келді. Бағаны және халықтың инфляциялық күтуін тұрақтандыру керек.

Инфляцияны төмендету бойынша жоспарлы жұмыс жүргізілуге тиіс. Мақсатты дәлізі – 2025 жылға қарай 3-4 пайыз. Үкімет Ұлттық банкпен және «Атамекен» палатасымен бірлесіп, инфляцияны бақылау жөніндегі кешенді іс-шаралар әзірлеуі қажет. Ол импортқа тәуелділікті, артық селдалдықты төмендету және ақша-несие саясаты құралдары бойынша іс-шараларды қамтуы керек.

Қазақстанда тікелей шетел инвестициясын тарту үшін барлық жағдай жасалған. Біз қолайлы инвестициялық ахуалдың сақталғанына мүдделіміз. Мемлекет ішкі және шетелдік инвесторлардың сенімін қайта қалпына келтіру үшін қажетті барлық іс-шараны қабылдайтындығына сендіргім келеді. Инвесторлар алдындағы мемлекеттің барлық міндеттемесі мен кепілі толық көлемде орындалатын болады. Дәл осы кезеңде жаһандық энергетикалық және технологиялық өту – ESG талаптарының күшеюі жағдайында елдің тартымдылығын арттыру үшін инвестициялық саясаттың жаңа тұжырымдамасы қажет.

Келесі мәселеге жекейле назар аударғым келеді. Төтенше жағдай режимінің енгізілуіне байланысты жекелеген қаржылық-өнеркәсіптік топтардың капиталды шетелге, оның ішінде жалған мәмілелер жасау жолымен жылыстату тәуекелі артып тұр. Біз қазірдің өзінде жекелеген тұлғалардың есепшоттарындағы қозғалысты байқадық. Сондықтан Ұлттық банкке Қаржылық мониторинг және қаржы нарығын реттеу агенттігімен бірлесіп, нақты бақылауды қамтамасыз етуді, барлық транзакциялар мен елден қаражатты негізсіз шығарған тұлғаларды тексеруді және бақылауға алуды тапсырамын.

Сөзімнің экономикалық блогын түйіндей келе, бүгін біз жаңа Премьер-Министрді тағайындағанымызды, оған бірқатар нақты тапсырма жүктелгенін атап өткім келеді.

Премьер-Министрге үш аптаның ішінде Үкіметтің 2022 жылға арналған іс-қимыл жоспарын әзірлеуді тапсырамын. Оны ақпан айының басында Үкіметтің кеңейтілген отырысында қараймыз.

Дүние жүзінде коронавирустың жаңа толқыны басталды. Қазақстанда науқастардың күрт өсуі байқалады. Күніне

2 мыңнан астам жаңа жағдай тіркеледі. Пандемия басталғалы бері вирус жұқтырғандар саны 1 миллионнан астам адамды құрады. Сондықтан босансымай, корона-вируспен күресті жалғастыру маңызды. Бұл да жаңа Үкіметтің басты міндеті болуы керек.

Енді өңіраралық теңгерімсіздіктер туралы. Қазақстанның өңірлері бірдей деңгейде дамып жатпағаны баршаға аян. Теңсіздік әлеуметтік жайсыздық пен миграциялық көңіл күйге жол ашады. Соңғы оқиғалар батыс және оңтүстік өңірлерде халықты еңбекпен қамтудың өзекті мәселелерін көрсетті. Бұл өңірлерде бала туу деңгейі жоғары, ал экономика өңір тұрғындарын жұмыспен қамтып үлгермей жатыр. Сондықтан жүйелі индустрияландыру, шағын және орта бизнеске көмек көрсету, аталған облыстарда қызмет көрсету саласын дамыту өңірлік емес, ұлттық басымдық болмақ.

Дамудың мәдени-ағартушылық құрамдас бөлігін де ұмытпау керек. Білімді азаматтардың еліміздің түкпір-түкпірінде бәсекеге қабілеті артып, табысқа жетуге және лайықты өмір сүруге мүмкіндіктері молаяды. Үкіметке аталған өңірлер үшін «Ауыл – ел бесігі», «Бизнестің жол картасы» және басқа бағдарламалар аясында жекелеген бағыттар әзірлеуді тапсырамын.

Әрі қарай. Жасыратыны жоқ, көбіне кей өңірді қолдау деңгейі тұрғындардың нақты сұранысына емес, нақты бір өкімнің «салмағына» байланысты. Бұл дамуға теңгерімсіздікке және азаматтардың наразылығына әкеледі. Олардың көпшілігі, әсіресе шикізаттық өңірлердің тұрғындары бюджеттік ресурстарды бөлу де өз облыстарына көбірек назар аударылғанын қалайды.

Бұл өңірлер бюджеттің доноры бола тұра, әлеуметтік-экономикалық дамудың көптеген параметрі бойынша артқа қалып келеді. Сондықтан тәсілдерді біртіндеп өзгерту керек. Бюджетаралық қатынастарды түбегейлі реформалаудың уақыты жетті. Үкіметке заңнамалық өзгерістер пакетін әзірлеуді тапсырамын.

Мемлекеттік басқару саласы кешенді реформалауды қажет етеді. Кадрлық әлеуеттің төмендігін, формализмді, жемқорлықты және кадр тұрақтамауын мойындау керек. Сондықтан халықтың мемлекеттік билік институттарына сенімі төмен.

Мемлекеттік қызметке алу талабын жетілдіру, артық талаптар мен кедергілерді жою керек. Жұмысқа қабылдау мен жоғарылатудың нақты принципі «меритократия» болуы керек. Мемлекеттік қызмет кез келген қазақстандық үшін ашық болғаны жөн.

Сондай-ақ мемлекеттік қызметтен кету процесін де жеңілдету керек. Кейбір шенеуніктер кабинетінде жылдар бойы тапжылмай отырады. Олар жас әрі перспективалы мамандардың өсуіне жол бермейді, мемлекеттік аппараттың тиімділігін төмендетеді. Ондай шенеуніктермен оңай қоштасу керек. Дегенмен мемлекеттік басқару аппаратына келсек, шенеуніктің институционалды жады да маңызды мәнге ие. Барлық шенеунікті бірден жастармен ауыстыра салуға болмайды. Бұл жерде мейлінше қисынды қадам қажет.

Егер 60 жастағы шенеунік өз қызметін ойдағыдай атқарса, институционалды жақда ие болса, мемлекеттік қызмет үшін өте пайдалы болса, оны жұмыстан шығаруға болмайды. Яғни ақылға қонымды, сараланған көзқарас болуы керек. Үкімет пен Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне тиісті тетіктерді әзірлеп, енгізуді тапсырамын.

Мен «Президенттік жастар кадрлық резерві» жобасына бастама жасадым. Бұл – келешегі зор жастар үшін әлеуметтік лифт. Сонымен бірге жаңаша ойлауды қалыптастырудың, мемлекеттік аппарат жұмысына жаңа тәсілдерді енгізудің тетігі. Бұл тәжірибе жалғасын табады.

Менің тапсырмама сәйкес өткен жылы мемлекеттік аппараттың көлемі 15 пайызға қысқартылды. Мемлекеттік аппарат реформалардың қозғалтқышы және орындаушысы, азаматтарға маңызды мемлекеттік қызметтер көрсетеді, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Мемлекеттік аппаратсыз мемлекеттің өзі табысты өмір сүре алмайды.

Қазіргі кезеңде мемлекеттік қызметкерлердің санын онтайлы деп санаған жөн. Жаңа Үкіметті тағайындаудағы қатысты барлық ұйымдастырушылық шешім қабылданғаннан кейін бұл санды орта мерзімді кезеңге бекіту қажет. Содан кейін байқағымыз. Мемлекеттік функциялардан бірте-бірте арысак, оларды бәсекелес ортаға көшірсек, демек мемлекеттік аппараттың көлемі де бірте-бірте азаяды.

Шенеуніктердің азаматтармен диалогының тиімділігі төмен екендігін айтып өткен жөн. Мемлекеттік орган басшылары

халықпен сөйлесе алмайды, тіпті кейде қорқатын секілді. Үкімет мүшелері өңірлерге жиі шығуға тиіс. Ал өңір әкімдері әрбір елді мекен тұрғындарымен тұрақты кездесулер өткізуге керек.

Тағы бір мәселе – бюрократияның етек жаюы.

Ол азаматтардың санасында мемлекеттік аппарат туралы баяу жұмыс істейтін немқұрайды машина деген әділ түсінік қалыптастырады. Бюрократия – реформалардың сапасыз орындалуының негізгі себептерінің бірі. Мұндай аурудан бәрімізге емделу керек.

Реформаның формасы емес, мазмұны басымдыққа айналуы қажет. Есеп үшін есеп беру, бақылау үшін бақылау жүргізу тәсілдері өткеннің еншісінде қалуға тиіс. Түпкі нәтиже процесстен маңыздырақ. Өзін-өзі ақтамайтындай күрделендірілген және нақты шешімді баяулататын үдерістің бәрі жойылуы керек.

Бүгінде мемлекеттік органдар тапсырмалардың мазмұнды іске асырылуына емес, бюрократиялық орындалуына бағдарланған. Формасы бойынша үлгілі, бірақ мазмұны жағынан нашар құжаттар әзірленіп жатыр. Негізгі интеграциялық жүйелердің бар болғанына қарамастан, меморгандар макулатураны қаптатап, мәңсіз хат алмасуын қояр емес.

Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің деректерін ресми және қағазбен дәлелдеуді қажет етпейді деп тану керек. Олай болмаса, цифрландыруды не үшін енгізіп жатырмыз? Цифрландыру сәнді ойыншық емес қой. Ол мемлекеттік аппарат функциясын орындау тұрғысынан пайдалы болуы қажет. Жиындардың көбін онлайн форматта өткізу керек. Мемлекеттік аппаратты бюрократсыздандырудың осы және өзге де шаралары жеке Жарлықта көрініс табатын болады.

Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің, Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттіктің функциялардында мемлекеттік аппараттың тиімділігін арттыру және бюрократсыздандыру шараларын іске асыру мен мониторингтеудің нақты функцияларын қарастыру қажет.

Азаматтардың әл-ауқаты және әлеуметтік көңіл күйі мемлекеттің басты назарында болуы керек. Цифрлармен ойнауды қойып, нақты істерге көшетін кез келді. Мемлекеттік аппарат көп жағдайда «өзін-өзі тиімді жұмыспен қамтушылар», «ресми емес жұмыспен қамту» секілді терминдерді қолданып, жағдайды жасыруды жақсы көреді. Соның салдарынан көптеген адам жұмыссыздықпен бетпе-бет келіп, әлеуметтік қорғаусыз қалып жатыр.

Бұл әлеуметтік-еңбек саласын сапалы жаңартуды қажет етеді. Осы мақсатпен мынадай шараларды қабылдаған жөн. Халықтың табысын арттыру бағдарламасын әзірлеу қажет. Жұмыс нақты әрі әрбір азаматқа бағдарланған болуы керек. Басқарудың әр деңгейінде кедейлікті төмендетудің нақты көрсеткіштерін бекіту қажет.

Жұмысқа орналастыруды қажет ететін азаматтардың нақты санын анықтау керек. Үкіметке «Атамекен» палатасымен бірге екі айдың ішінде халықтың табысын арттыру жөніндегі бағдарлама әзірлеуді тапсырамын. Үкіметке Әлеуметтік кодекстің уақытында қабылдануын қамтамасыз ету қажет.

Осы құжат аясында әлеуметтік саясатты пандемия тәуекелдері мен қордаланған проблемаларды ескере отырып бейімдеуіміз керек. Әлеуметтік кодекс жаңа қоғамдық келісімнің негізгі элементіне айналуға тиіс.

Жұмыссыздықты, әсіресе жастар арасындағы жұмыссыздықты азайтуға ерекше көңіл бөлу керек. Жоғары оқу орындарын, колледждерді бітірушілер, әсіресе білімі жоқ жастардың тұрақты жұмысқа орналасу мүмкіндігі әрқашан бола бермейді. Біз мұны жақсы білеміз. Олар тапқан жұмысын істеп өмір сүреді. Кейбіреулер табыс іздеп, заң бұзуы мүмкін.

Үкіметке «Жастар тәжірибесі» және «Алғашқы жұмыс орны» жобаларына қатысудың мерзімін созып, еңбекақысын көтеру мүмкіндігін қарастыруды тапсырамын. Халықтың әлеуметтік осал тобындағы жастардың іскерлік бастамаларын іске асыруға жағдай жасау маңызды. Үкіметке тиісті гранттардың мөлшерін 2 есеге – 400 айлық есептік көрсеткішке дейін көбейту жүктеледі.

Келесі. Сапалы білімге қолжетімділікті арттыру сөзсіз басым бағыт. Бұл – бүкіл қоғам дамуының аса маңызды факторы. Біз мектептерді қалай материалдық жағынан қамтамасыз етсек те, білім сапасын жақсы мұғалімдерсіз көтеру мүмкін емес. Ұлы Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, «Мұғалім – мектептің жүрегі».

Сондықтан мен мұғалімдер тапшылығы бар өңірлерге үздік педагогтерді

тартудың арнайы қолдау пакеттері бар арнайы бағдарламасын әзірлеуді тапсырамын.

Жоғары білімнің қолжетімділігі де – көкейкесті мәселе. Елдің халық тығыз қоныстанған өңірлеріндегі жастарға арналған мақсатты гранттар бөлуге айрықша назар аудару қажет. Жаңа экономика құру үшін ЖОО-ның бәсекеге қабілетін арттыру маңызды. Таяуда Қазақстанда жетекші шетелдік жоғары оқу орындарының филиалдарын ашу басталды. Жақын арада Ресейдің үздік техникалық жоғары оқу орындарының филиалдарын ашу жоспарланып отыр.

2025 жылға қарай елімізде беделді шетелдік жоғары оқу орындарының кем дегенде 5 филиалын ашу қажет деп есептеймін. Осы орайда, екі техникалық бағдарланған филиал еліміздің батысында болғаны жөн.

Жалпы, бәрімізге білім туралы көзқарасымызды өзгерту қажет. Гуманитарлық мамандықтармен әуестену кезеңі келмеске кетті. Басымдықты техникалық мамандықтарға беру керек. Инженерлер мен өнеркәсіпшілердің жаңа буынын өсіріп шығару қажет.

Келесі. Әлеуметтік әділдік те маңызды мәселенің бірі болып қала береді. Қазақстан – Конституция бойынша әлеуметтік мемлекет. Мемлекет аз нәрсе тындырып жатқан жоқ. Республикалық бюджеттің 50 пайыздан астамын әлеуметтік шығындар құрайды. Бірақ бұл жеткіліксіз. Бізде Ұлттық қор бар, ол – еліміздің қаржылық тірегі. Бүгін «Қазақстан халқына» қоғамдық-әлеуметтік қорын құруды тапсырамын. Ол денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қолдау салаларындағы өзекті мәселелерді шешумен айналысады.

Мысалы, сирек ауруға шалдыққан балаларға көмек көрсетіледі. Өйткені көптеген отбасы емдеу ақысын төлей алмайды. Қалаларда, аудандарда, кенттер мен ауылдарда балаларға спорттық нысандар салынады. Дарынды балаларға көмек көрсетеміз. Мәдениетті қолдаймыз. Алматының сұмдық қасіретті оқиғадан оңалуына көмектесеміз. Осы қор есебінен қаза тапқан полицейлер мен әскери қызметшілердің отбасыларына қолдау көрсетеміз. Бұл жекелеген мысалдар ғана.

Атап өтейін: бұл Президенттің, Үкіметтің немесе басқа мемлекеттік органның қоры емес. Бұл – барша қазақстандықтардың қоры, халықтық қор. Ол Әкімшіліктің немесе Үкіметтің жанында жұмыс істемейді. Беделді байқаушылар кеңесі құрылып, адал да жауапты басшы тағайындалады. Біз оның қызметінің толық ашықтығын, қоғам алдындағы есептілігі мен бақылануын қамтамасыз етеміз. Жоспарлар, бюджет, жобалар сайтта жарияланады. Барлық ақпарат ашық болады.

Қор жеке және мемлекеттік көздерден қаржыландырылады. Халықаралық қайырымдылық ұйымдарының көмегін тарту жоспарланып отыр. Бұл қорға лотерея операторынан, бәс тігу орталығынан және басқа монополистерден міндетті жарналар түседі.

Әлбетте, біз Қорға ірі бизнес тарапынан қомақты әрі тұрақты, атап айтатын, тұрақты аударымдар жасалуын күтеміз.

Тұңғыш Президент – Елбасының арқасында елімізде өте табысты компаниялар мен тіпті халықаралық өлшемдер бойынша да бай адамдар тобы пайда болды. Енді Қазақстан халқына тиесіліні беретін және оған жүйелі әрі тұрақты негізде көмектесетін уақыт жетті деп есептеймін. Сондықтан Үкіметке компаниялар қатарын анықтау және олармен Қорға бөлінетін жыл сайынғы жарна көлемін келісу қажет болады. Сонымен қатар іс жүзінде орасан қаражатқа ие бола отырып, көлеңкеде қалып келе жатқан тұлғалардың да белсенді қатысуын күтемін.

Қор қоғамды ұйыстырудың тағы бір құралы болатынына, азаматтарда әлеуметтік әділдік сезімін нығайтатынына сенімдімін.

Өткен оқиғалар қоғамымыздағы өткір мәселелердің бетін жалаңаштады. Қалаларымызға, туғандарымыз бен жақындарымызға жасалған шабуыл мемлекетіміздің ең басты құндылықтарының – бейбітшілік пен тұрақтылықтың қаншалықты нәзік екенін көрсетті.

Біз мемлекет пен азаматтар, бұл біртұтас екенін айқын түсінуге тиіспіз.

Баса назар аударуды қажет ететін тағы бір мәселе бар.

Көптеген жас азаматымыз Қарулы күштер қатарында әскери борышын өтеуден қашады.

Әскери билетке ие болу жастардың мақтанышын тудырмайды және Отанға қызмет етудің белгісі саналмайтын болды. Армия қатарында қызмет ету, құқық қорғау саласында жұмыс істеу – айрықша миссия.

Бұл – Отан үшін жанын салуға бел буған азаматтардың саналы таңдауы.

Жастарымызды әскери борышын өтеуге қалай ынталандыруға болатынын біз бүкіл қоғам болып ойластыруымыз керек.

Біз – мықты халықпыз.

Төл тарихымызда талай жаугершілік заманды, ашаршылықты және басқа да алапат қиындықты бастан өткердік.

Соңғы күндердегі қайғылы оқиғалар біз үшін тағы бір сынақ болды. Оны еңсеріп, бұрынғыдан да мықты боламыз.

Жалпы, мемлекет пен қоғамның арасындағы өзара қарым-қатынасты трансформациялау қажеттілігі пісіп жетілді.

Қоғамдық шарттың жаңа форматы керек.

Қазақстан саяси жаңғыру бағытын жалғастырады. Бұл менің қағидатты ұстанымым.

Саяси салада аз шаруа істелген жоқ. Менің тарапымнан саяси реформалардың төрт пакеті ұсынылды, соларды жүзеге асыру аясында 10-нан астам заң қабылданды. Бұл орайда мен өте жедел әрі сапалы жұмыстары үшін Сенат пен Мәжіліс депутаттарына аса ризамын.

Митингтер туралы шын мәнісінде жаңа заңнама іске қосылды.

Партия құру үшін тіркеу кедергілері мен олардың Парламентке өту межесі төмендетілді.

Әйелдер мен жастардың Мәжіліс пен мәслихаттарда өкілдік ету аясы кеңейді.

Парламенттік оппозиция институты енгізілді, сайлау бюллетеньдерінде «бәріне қарсымын» деген баған пайда болды.

Ел тарихында тұңғыш рет ауыл әкімдерін тікелей сайлау өтті.

Адам құқығын қорғау саласында салмақты ілгерілеулер болды. Атап айтқанда, Қылмыстық кодекстің 130 және 174-баптары декриминалдандырылды және ізгілендірілді.

Еліміз Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық пактінің Екінші Факультативтік хаттамасына қосылды.

Құқық қорғау саласын кешенді жаңғыртуға бағытталған «Қазақстан Республикасының адам құқықтары саласындағы әрі қарайғы шаралары туралы» Жарлыққа қол қойылды.

Адам құқықтары жөніндегі уәкілетті өкіл институты жүйелі нығайтыла бастады. Өлім жазасы толығымен алынып тасталды.

Қыркүйектегі кезекті Жолдауымда азаматтық қоғаммен және сарапшылармен кең ауқымды және сындарлы диалог негізінде әзірленетін саяси реформалардың жаңа пакетін ұсынамын.

Мемлекет те өзінің базалық функцияларының толыққанды және сапалы орындалуын қамтамасыз етуге тиіс.

Мемлекет заңдылықтың сақталуына және құқықтық тәртіпке, азаматтардың қауіпсіздігі мен меншік құқықтарының қорғалуына кепілдік беріп, әлеуметтік игілікті және сапалы мемлекеттік қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге тиіс. Өз кезегінде бизнес пен азаматтар қоғамдық мінез-құлық нормалары мен заңнамаларының сақталуына, салықтардың әділ төленуіне және еңбек қатынастарындағы ашықтыққа жауапты. Осыған байланысты кезең-кезеңді өзгерістер бағдарламасын әзірлеу керек.

Үкіметке жауапты сарапшылық қоғамдастықпен және азаматтық қоғаммен бірлесіп отырып тиісті ұсыныстар пакетін әзірлеуді тапсырамын.

Ол Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің бір отырысында қаралатын болады.

Құрметті отандастар, құрметті депутаттар!

Жақында болған қайғылы оқиғалар кезінде азаматтарымыздың басым көпшілігі патриоттық танытты, экстремистермен күресте бірлігін көрсетті. Халықтың ауызбірлігі, Қазақстанның тәуелсіздігі мен егемен даму идеясына деген шынайы сенімі қоғамды ұйыстыру және елімізді ілгерілету үшін қуатты іргетас болып саналады.

Біз барлық қиындықты бірге еңсереміз.

Жаңа Қазақстанды бірге құрамыз!

Қадірлі отандастар!

Қиын күндер артта қалды. Осы сәтте ел тағдыры үшін ұйыса білген бүкіл халқыма шынайы ризашылығымды білдіремін!

Бәріміз бұл оқиғадан сабақ алуымыз керек.

Ең бастысы, береке-бірлікті, тыныштық пен тұрақтылықты сақтауымыз қажет. Енді Қазақстанда дамудың жаңа кезеңі басталады.

Бұл шынайы жаңару кезеңі болады. Егемен елімізді бірге өркендетейік!

Халқымыз үшін тәуелсіздік бәрінен қымбат.

Жаңа Қазақстанды бірге құрайық!

Сауле БАРЛЫБАЕВА: ХУДОЖЕСТВЕННАЯ ГИМНАСТИКА НЕ ТОЛЬКО СПОРТ, НО И ИСКУССТВО

В НАЧАЛЕ 70-Х ГОДОВ ПРОШЛОГО ВЕКА СБОРНАЯ КАЗАХСТАНА ПО ХУДОЖЕСТВЕННОЙ ГИМНАСТИКЕ СЧИТАЛАСЬ ОДНОЙ ИЗ ЛУЧШИХ В СОЮЗЕ. А ОДНИМ ИЗ ЕЕ ЛИДЕРОВ БЫЛА МАСТЕР СПОРТА МЕЖДУНАРОДНОГО КЛАССА, МНОГОКРАТНАЯ ЧЕМПИОНКА РЕСПУБЛИКИ, ЧЕМПИОНКА СССР В КОМАНДНОМ СОСТАВЕ САУЛЕ БАРЛЫБАЕВА, БОЛЕЕ ИЗВЕСТНАЯ СЕЙЧАС В ЖУРНАЛИСТСКИХ КРУГАХ. ВЕДЬ ОНА ПРОФЕССОР КАЗАХСКОГО НАЦИОНАЛЬНОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ. НО СВОЕ СПОРТИВНОЕ ПРОШЛОЕ САУЛЕ ХАТИЯТОВНА НЕ ЗАБЫВАЕТ.

– Связь времен существует, – считает прославленная спортсменка. – Но сегодня гимнастика в нашей республике стала спортом для избранных. Если у тебя нет денег, то не мечтай о больших победах. Как-то зашла в магазин "Спортивные товары" и была ужасно расстроена ценами. Тапочки для гимнасток стоят три тысячи тенге, костюм – 75 тысяч, простые скакалки от пяти тысяч и выше. Плюс к этому добавьте оплату за занятия, за соревнования. Все за счет родителей. Вот и думай, куда отдать ребенка.

– А в ваше время цены на спорттовары разве не кусались?

– Что вы, все было доступно. Я помню, что костюм для меня шили родители, а подручные снаряды нам делал муж нашего тренера Камы Николаевны СТЕПАНОВОЙ Валерий Вениаминович. Ну и занятия наши были, конечно, бесплатными.

– Вы заметили, что художественная гимнастика стала сложнее?

– Но увеличились возможности. Усложнилась программа. Вместе с ней возросла динамика движений. Теперь сложнее гимнасткам владеть предметами в исполнении. Мы, к примеру, крутили три-четыре оборота, теперь же крутят вдвое больше. Это придало красоту. Посмотрите на оформление костюмов исполнителей. Нам даже с блесками не разрешали выходить на ковер. А



Интересным периодом в своей биографии знаменитая спортсменка считает период, когда она работала на Казахском телевидении спортивным комментатором. Но потом поняла и решила, что будет полезнее изучать теорию этой интересной профессии и делиться своими знаниями со студентами. Поэтому стала преподавателем на факультете журналистики.

сегодня разрешается выходить и в шортах, и в юбочках. Увеличились также музыкальные возможности. На соревнования приглашают целые оркестры, а в наше время мы выступали под фортепиано.

– Я знаю, что вы стояли перед выбором. Почему теннису предпочли художественную гимнастику?

– Да, первоначально я занималась теннисом. И тренер возлагал на меня большие надежды. Но мою душу перевернула никому неизвестная в то время Кама Николаевна Степанова. Я считаю, что мне и моим подругам, кто записался к ней на художественную гимнастику, повезло. На ее занятиях я впервые по-настоящему поняла, что такое спорт. Она увеличила нам физические нагрузки, больше стала уделять внимания музыке. Ведь художественная гимнастика, как оказалось, это не только спорт, но и искусство. Из нескольких десятков девочек, которые пришли заниматься этим видом, осталось человек двадцать. Просто многие

не выдержали тех нагрузок, которые нам давала Кама Николаевна.


– Приходилось плакать от боли?

– Всякое бывало. Особенно когда выходила на арену и проигрывала. Но это было хорошим уроком. Выработывался характер. Спасибо Каме Николаевне, она умела заряжать нас на успех. Она всегда твердила: "Нельзя опускать руки. Вот увидите, победа обязательно придет". И тренер была права. Наш труд не пропал даром. До мельчайших подробностей помню первые свои соревнования в Семипалатинске. Тогда мне было 13 лет. Выиграв их, выполнила норматив мастера спорта СССР. Однако звание мне присвоили только в 15 лет. Такие были правила. А сегодня возрастного ценза нет.

– Ваш взлет спортивной карьеры пришелся на начало семидесятых годов. Вспомните тот период.

– Я несколько раз выигрывала чемпионат республики, побеждала с командой на Всесоюзных

«До мельчайших подробностей помню первые свои соревнования в Семипалатинске. Тогда мне было 13 лет. Выиграв их, выполнила норматив мастера спорта СССР. Однако звание мне присвоили только в 15 лет. Такие были правила. А сегодня возрастного ценза нет», – вспоминает Сауле Барлыбаева



соревнованиях во Львове в 1972 году. Чуть позже на Спартакиаде школьников в Киеве казахстанская сборная была в тройке призеров. После этих и других соревнований нас пригласили в состав сборной СССР. С удовольствием вспоминаю то время. Горжусь, что тренировалась с такими известными гимнастками, как Ирина ДЕРЮГИНА, Галима ШУГУРОВА, Ирина ГАБАШВИЛИ, Наталья КРАШЕНИННИКОВА, Ирина ЕВТУШЕНКО...

Приятно вспомнить, что в 1974 году наша сборная стала участницей международных состязаний на Кубе. Эти старты были посвящены второму Всемирному конгрессу женщин. Тогда на трибуне мы увидели Валентину ТЕРЕШКОВУ, Анжелу ДЭВИС, Сальвадоре АЛЬЕНДЕ и других знаменитых в то время людей. Посетил турнир и кубинский лидер Фидель КАСТРО. Не знаю почему, но он подошел именно ко мне и спросил: "Откуда ты, девочка?" Хотя на моей майке красовались буквы "СССР". Я ответила, что из Казахстана. Он пожал мне руки и пожелал удачи. Благословение руководителя компартии Кубы благотворно повлияло на мое выступление. Я стала первой в упражнении с мячом. Потом завоевала бронзовую награду в упражнении с обручем.

– Как-то, листая подшивки "Советского спорта" тех времен, наткнулся на комментарии заслуженного тренера СССР Валентины БАТАЕН, в которых она давала оценку команде Казахстана. Вот что она пишет: "Технический уровень финалисток был высок и ровен, но ведь важно не только, что делает спортсменка, важно - как. Другими словами, неповторимость, своеобразие. Обыкновенная, вроде бы не очень заметная девочка Оля ПЛОХОВА из сборного Казахстана, но ее выделяет удивительная широта, амплитудность, полетность прыжков. Плавная текучесть, кантиленность движений отличают Светлану ЯНЧУКОВУ, игривость и своеобразие, мягкое восточное лукавство – Сауле Барлыбаеву"...

– Приятно, когда тебя хвалят. Но скажу, что каждая наша спортсменка была индивидуумом с единой музыкальной культурой. Таня ГОЛУБЕВА, к примеру, отличалась расчетливостью. Оля Плохова – изяществом. Про каждую свою подругу могу сказать только хорошее. Они все были творческими личностями. Мы всегда проявляли изобретательность в поиске новых элементов. И в этом нам помогали супруги Степановы. Мы сами домысливали идеи наставников, приходили в зал занятий пораньше и уходили позже других. Все наши помыслы были посвящены любимому занятию. У нас была единая команда, которая целенаправленно шла к заветной цели. Переживали, когда кто-то пропускал занятия. И главным в вознаграждении за труд были победы.

– В нашем разговоре вы неоднократно упоминали чету Степановых...

– Это были педагоги от бога. Кама Николаевна родом из Бийска. Окончила хореографическое училище во Фрунзе. В годы войны - школу киноактера в Алма-Ате. Затем поступила в физкультурный институт. И здесь она познакомилась с Валерием Вениаминовичем. Она привила нам любовь не только к спорту, но и к искусству. Где бы мы ни были, всегда ходили по музеям, посещали выставки, концерты, исторические места, знакомились с достопримечательностями городов.

А физической подготовкой занимался ее муж. Вспоминаю, как Валерий Вениаминович привел нас в бассейн "Динамо" и учил плавать. Затем заставлял прыгать с вышки в воду. Для того чтобы у нас возникло чувство полета, приводил к акробатам на батут. Вот уж действительно, прыгали так, что возносились к куполу спортзала, подобно ласточкам.

Под его руководством, помню, на ноги надевали небольшие мешочки, куда клали свинцовую дробь, и прыгали. Как только снимали эти мешочки, то чувствовали легкость при прыжках. Кроме этого Валерий Вениаминович плел для нас скакалки из пеньковой веревки, из рыболовных удилиц выстукивал палочки для наших упражнений. Это все способствовало прорыву казахстанской спортивной гимнастики в число лидеров отечественного спорта.

– Обычно успешные спортсмены становятся тренерами. А вы выбрали журналистику.

– Моя старшая сестра училась на журфаке. И я по ее примеру решила поступать на этот факультет в КазГУ.

– Но в журналистике вы проработали совсем немного. Не понравилось?

– Напротив, был интересный период в моей биографии, когда работала на Казахском телевидении спортивным комментатором. Но потом поняла и решила, что будет полезнее изучать теорию этой интересной профессии и делиться своими знаниями со студентами. Поэтому стала преподавателем на факультете журналистики.

– А чем все-таки педагогика отличается от тренерской деятельности?

– Суть-то одна - воспитание личности. Считаю, что любой профессии присущи самоотдача и творческий подход. Без них нельзя. Я несколько не жалею, что стала преподавателем.

ХОД КОНЁМ

ЮНЫЕ СПОРТСМЕНЫ ИЗ МАНГИСТАУ ЗАВОЕВАЛИ МЕДАЛИ НА РЕСПУБЛИКАНСКОМ ТУРНИРЕ ПО КОННОМУ СПОРТУ И СРЕЛБЕ ИЗ ЛУКА.

Золотые, серебряные и бронзовые медали завоевали воспитанники Каракиянской районной детско-юношеской спортивной школы на республиканском конкурсе по стрельбе из лука среди юношей 2007 и 2010 годов рождения, который проходил в столице. Об этом сообщил руководитель Каракиянского районного отдела культуры, физической культуры и спорта Дуйсенбай Атагараев.

По словам Дуйсенбая Атагараева, открытый турнир по конному спорту и стрельбе из лука, в котором приняли участие лучшие спортсмены



из всех регионов республики, был организован Ассоциацией национальных видов спорта Республики Казахстан.

– На дистанции 20 метров в конном беге Айбек Ораз завоевал бронзовую медаль, Айдар Адильгерей стал чемпионом Республики Казахстан. По стрельбе из лука в мишень Fita с 20 метров наш спортсмен Булекбай Шектыбай занял второе место,

– сказал Дуйсенбай Атагараев.

Дуйсенбай Атагараев отметил, что призер чемпионатов Республики Казахстан по жамбы ату (состязания казахских воинов в меткости стрельбы) Ертирек Женисбек, популяризирующий национальные виды спорта и привлекающий сельскую молодежь к спорту, является уроженцем Каракиянского района.

НОВЫЙ В КОМАНДЕ



НОВЫМ ГЛАВНЫМ ТРЕНЕРОМ «КАСПИЙ» БУДЕТ НИКОЛАЙ КОСТОВ, СООБЩИЛИ В МЕСТНОМ ФУТБОЛЬНОМ КЛУБЕ.

Ранее Николай Костов тренировал клубы «Добруджа» (Болгария), «Анортосис» (Кипр), «Олимпиакос» (Кипр), «АЕК» (Кипр), «Бананц» (Армения), «Металлург» (Украина), «Левский» (Болгария), «Карпаты» (Украина), «Таврия» (Украина), «Тосно» (Россия), «Ботев Пловдив»

(Болгария), «Сталь» (Украина) и «Шахтёр» (Казахстан).

В своей футбольной карьере он становился трёхкратным чемпионом Болгарии и двукратным обладателем Кубка Болгарии. Кроме этого является обладателем Кубка Кипра.

Напомним, у бывшего главного тренера «Каспия» Срджана Благовича закончился контракт в ноябре 2021 года.

СТАЛИ ИЗВЕСТНЫ СРОКИ БОЯ КАЗАХСТАНСКОГО БОКСЕРА С ЧЕМПИОНОМ МИРА

СТАЛИ ИЗВЕСТНЫ ПРЕДВАРИТЕЛЬНЫЕ СРОКИ ПРОВЕДЕНИЯ БОЯ КАЗАХСТАНСКОГО БОКСЕРА ВТОРОГО СРЕДНЕГО ВЕСА АЙДОСА ЕРБОСЫНУЛЫ (15-0, 10 КО) ПРОТИВ ЧЕМПИОНА МИРА ПО ВЕРСИИ WBA КУБИНЦА ДАВИДА МОРРЕЛЛА (6-0, 5 КО). ОБ ЭТОМ КОРРЕСПОНДЕНТУ VESTI.KZ СООБЩИЛ ИСТОЧНИК, БЛИЗКИЙ К СИТУАЦИИ.

По полученным данным, поединок намечен на март-апрель этого года. Стороны уже ведут обсуждение деталей встречи. Однако боксеры могут встретиться и во второй половине года.

Добавим, что казахстанец начнет свой тренировочный лагерь к следующему бою уже на этой неделе.

Последний раз Ербосынулы дрался в сентябре, когда нокаутировал соперника из Гайаны Аллена Леннокса (22-2-1, 14 КО) и стал обязательным претендентом на чемпионский пояс



Моррелла, который в декабре в Минеаполисе (США) нокаутировал американца Алантеса Фокса (28-3-1, 12 КО).

Также в прошлом году казахстанец мог провести поединок за звание обязательного претендента на титул

чемпиона мира по версии IBF с россиянином Евгением Шведенко (15-0, 6 КО), но заболел коронавирусом, и встреча была отменена.

Делами Ербосынулы занимается промоутерская компания Suleimen Promotions.

АКТАУСКАЯ ШАХМАТИСТКА

ВОЗГЛАВИЛА МИРОВОЙ ТОП-100

НАША ШАХМАТИСТКА ЗАКРЕПИЛАСЬ НА ПЕРВЫХ СТРОЧКАХ МИРОВОГО РЕЙТИНГА МЕЖДУНАРОДНОЙ ШАХМАТНОЙ ФЕДЕРАЦИИ (FIDE) СРЕДИ ДЕВУШЕК В ВОЗРАСТЕ ДО 20 ЛЕТ ПО БЛИЦУ И РАПИДУ. ПО КЛАССИЧЕСКИМ ШАХМАТАМ ОНА НАХОДИТСЯ НА ТРЕТЬЕЙ ПОЗИЦИИ.

А вот в рейтинге среди женщин Бибисара занимает 10-ю строчку в блице, 19-ю – в рапиде и 33 место в классических шахматах.

– Спасибо большое моей семье за безграничную помощь, любовь и поддержку, а также моим друзьям,



подписчикам и болельщикам. Мне очень приятно. Спасибо, 2021 год. В новом 2022 году нужно работать ещё больше, – поделилась Бибисара Асаубаева.

Напомним, 30 декабря

Бибисара Асаубаева впервые в истории Казахстана выиграла чемпионат мира среди взрослых в Варшаве. До этого она стала призёром чемпионата мира по рапиду и выиграла 30 тысяч долларов.

ГОЛОС ИГР



В КИТАЕ ПРЕЗЕНТОВАЛИ КЛИП ЗИМНЕЙ ОЛИМПИАДЫ-2022, РОЛИК У СЕБЯ В СОЦСЕТЯХ ВЫЛОЖИЛ ПОСОЛ КНР В КАЗАХСТАНЕ ЧЖАН СЯО.

"Ведущие CGTN, известные блогеры, спортсмены и музыканты из разных стран, в том числе и известный певец из Казахстана Димаш Кудайберген, исполнили песню "Вместе ради общего будущего" – так звучит официальный девиз зимних Олимпийских и Паралимпийских игр", – написал посол.

Герои видео исполняют песню "Вместе ради общего будущего" на языке своей страны.

ОЛИМПИЙСКИЙ ВЫЗОВ

ПРЕЗИДЕНТ КАЗАХСТАНА КАСЫМ-ЖОМАРТ ТОКАЕВ ПРИНЯЛ СПЕЦИАЛЬНОГО ПРЕДСТАВИТЕЛЯ ПРАВИТЕЛЬСТВА КНР ПО ДЕЛАМ СТРАН ЕВРАЗИИ ЛИ ХУЭЯ.

В ходе беседы были обсуждены перспективы укрепления всестороннего казахско-китайского стратегического партнерства. При этом китайский дипломат передал приглашение Касым-Жомарту Токаеву принять участие в церемонии открытия XXIV зимних Олимпийских игр в Пекине в 2022 году.

"Во время проведения Олимпиады казахстанским спортсменам будут созданы все необходимые комфортабельные условия для того,



чтобы они чувствовали себя как дома", – заверила китайская сторона.

В завершение встречи Глава государства наградил Ли Хуэя орденом "Достык" II степени за вклад в укрепление взаимовыгодного казахско-китайского

сотрудничества, а также в ознаменование 30-летней годовщины установления дипломатических отношений между Казахстаном и Китаем.

Добавим, что Олимпиада-2022 пройдет в Пекине с 4 по 20 февраля.

ВРАТАРЬ СБОРНОЙ КАЗАХСТАНА ПОПРОЩАЛСЯ С "КАЙРАТОМ"

ГОЛКИПЕР СБОРНОЙ КАЗАХСТАНА ПО ФУТБОЛУ СТАС ПОКАТИЛОВ ОФИЦИАЛЬНО ПОПРОЩАЛСЯ С "КАЙРАТОМ".

"Спасибо за все "Кайрат", отдельная благодарность Кайрату Боранбаеву, вы многое для меня сделали, удачи и новых достижений!", – написал он в своем Instagram.

Напомним, Покатиллов выступал за

"Кайрат" с 2016 года. Экс-вратарь "Акжайыка", "Шахтера", "Актобе" и "Ростова" становился чемпионом Казахстана в составе алматинского клуба, а также побеждал в Кубке и Суперкубке страны.

БОЛЕЕ ТРЕХ ТЫСЯЧ СПОРТИВНЫХ СЕКЦИЙ ОТКРОЮТ В ВОСТОЧНОМ КАЗАХСТАНЕ

К КОНЦУ 2025 ГОДА В ВКО ОБЕЩАЮТ ОТКРЫТЬ БОЛЕЕ ТРЕХ ТЫСЯЧ СПОРТИВНЫХ СЕКЦИЙ. УЖЕ В ЭТОМ ГОДУ В РЕГИОНЕ НАЧНУТ ОБУЧАТЬ ТРЕНЕРОВ ПРИОРИТЕТНЫХ ВИДОВ СПОРТА, ДЛЯ ЭТОГО ОБЕЩАЮТ ПРИВЛЕЧЬ КОНСУЛЬТАНТОВ МИРОВОГО УРОВНЯ.

На базе общеобразовательных школ в Восточно-Казахстанской области следующие четыре года планируют открыть 3 213 спортивных секций, передает корреспондент Устинка LIVE. Уже в этом году более 22 тысяч детей посещают 1300 спортивных кружков.

Расширяется в Восточном Казахстане и спортивная инфраструктура. В 2020 году ввели в эксплуатацию шесть спортивных объектов: четыре физкультурно-оздоровительных центра и два бассейна. В этом году



начали строительство еще 11 ФОКов.

Уже через несколько месяцев свои двери распахнет центр настольного

тенниса, соответствующий всем международным стандартам.

В рамках развития спорта со

следующего года в ВКО планируют обучить тренеров приоритетных видов спорта. Для этого власти обещают привлечь консультантов мирового уровня.

К слову, в Восточном Казахстане за годы Независимости открылось более 450 новых объектов, в том числе 17 физкультурно-оздоровительных и спортивных комплексов, пять теннисных кортов, два ипподрома, три хоккейных модуля, три бассейна, два горнолыжных комплекса, 37 борцовских зала, 139 мини-футбольных поля, 137 хоккейных коробок, 102 спортивные площадки стрит-воркаут. Кроме того, были построены Дворец единоборств "Жекпе-жек", Центральный крытый плавательный бассейн в Усть-Каменогорске,

многофункциональный культурно-спортивный комплекс в Семее, школа-интернат для одаренных детей в спорте, спортивный интернат.

Еще одним перспективным видом спорта в Казахстане является волейбол. Начиная с 1991 года, спортсмены казахстанского классического и пляжного волейбола стабильно добиваются успехов на международной арене. Женская сборная Казахстана по классическому волейболу неоднократно становилась призёром чемпионатов Азии и Азиатских игр, Кубка Азии, принимала участие в Олимпийских играх и чемпионатах мира. Достоинством представляет Казахстан на мировой арене пятикратный чемпион страны – восточноказахстанская женская волейбольная команда "Алтай".

Полосу подготовил – **Дамир ТУЛЕГЕН**

«МАНЧЕСТЕР ЮНАЙТЕД» КОМАНДАСЫ МЕН ПОРТУГАЛИЯ ҚҰРАМАСЫНЫҢ ШАБУЫЛШЫСЫ КРИШТИАНУ РОНАЛДУ ЖИІ СҰХБАТ БЕРЕТІНДЕР ҚАТАРЫНАН ЕМЕС. ДЕГЕНМЕН ЖАҚЫНДА ЕКІ БІРДЕЙ АҚПАРАТ ҚҰРАЛЫ АҚПАН АЙЫНДА 37 ЖАСҚА ТОЛАТЫН ФУТБОЛШЫМЕН КӨЛЕМДІ ӘҢГІМЕ-ДҮКЕН ҚҰРДЫ. ОСЫ РЕТТЕ «ESPN BRAZIL» БАСЫЛЫМЫ ЖАРИЯЛАҒАН СҰХБАТТЫҢ НЕГІЗГІЛЕРІНЕ ТОҚТАЛҒАНДЫ ЖӨН КӨРДІК.

РАНГНИККЕ УАҚЫТ КЕРЕК

Криштиану алдымен Сулышерді алмастырған Рангникке баға берді және неміс маманының тапсырмасының ауқымын айтты. «Ол бізге бес апта бұрын келді. Аз уақыттың ішінде көп нәрсе өзгертті. Рангникке өз идеясын ойыншыларға жеткізуге уақыт керек. Мен жаңа бапкердің өз жұмысын жақсы атқаратынына сенемін. Қазір ойынымыз жақсы емес екенін түсінемін. Бірақ жағдайды түзеуге мүмкіндік бар. Футболшылардың мінез-құлқын өзгерту оңай емес. Соған қарамастан оның қолынан келеді деп ойлаймын».

Ал Сулышер бапкер жайлы айтатын болсақ, ол командадан кеткен кезде қимастық болғаны рас. Мен онымен бір командада ойнадым. Одан кейін бапкерім болды. Өте керемет адам. Қызметінен кеткенде бәріміз қамықтық. Бірақ бұл өмірдің заңы. Егер нәтиже болмай жатса, бірденені өзгертуге тура келеді. Дегенмен ол бұл шешімді түсінді. Өмір мұнымен бітпейтіні тағы бар.

Жаңа бапкердің өз идеясын жүзеге асыруға уақыт қажет. Сулышер кеткенде бас бапкер міндетін уақытша Кэррик атқарды. Енді Рангник келді. Аз уақыттың ішінде осындай көп өзгерістің болғаны қиын. Соған қарамастан біз жақсы маусым өткізетінімізге сенімдімін».

«МАНЧЕСТЕР ЮНАЙТЕДКЕ» МЕНТАЛИТЕТТІ ӨЗГЕРТУ МАҢЫЗДЫ

«Футболда ойыншылардың мінез-құлқы өте үлкен рөл ойнайды. Біздің түсінігімізде «Манчестер Юнайтед» үздік үштікте болуы керек. Басқасына келісе алмаймын. Кейде жақсы бірдеңе тұрғызу үшін ескісін бұзуға тура келеді. Қазір неге солай жасамасқа? Жаңа жыл, жаңа өмір... «Манчестер Юнайтед» ойыншылары жанкүйерлердің қалаған деңгейіне көтеріле алады деп ойлаймын. Олар бұған лайықты. Біз қазір өзгеруге қабілеттіміз. Мен негізі мұның жолын білемін. Бірақ қазір айтсам, этика тұрғысынан дұрыс болмайды. Тек бұдан да жақсы ойнай алатынымызға сенімді екенімді жеткізім келеді. Турнир кестесіндегі жағдайымызды жақсартуымыз қажет.

Чемпионатта бесінші, алтыншы, жетінші орындар үшін ойнағым келмейді. Мен мұнда жеңіске жетіп, өзгелермен бәсекелестікке түсу үшін жүрмін. Біз басқаларға лайықты қарсылас болуға тырысамыз. Бірақ әзірге өзіміздің толық бабымызға келген жоппыз. Әлі де көп нәрсе қосу қажет. Команданы жоғары деңгейге көтеру үшін осында жүрмін. Енді сонымен айналысу керек.

Жаңа жыл басталды, тарихтың жаңа парағы

КРИШТИАНУ РОНАЛДУ



ҚАЗІР ЖАС ФУТБОЛШЫЛАР СЫНДЫ КӨТЕРЕ АЛМАЙДЫ

жазылады. Енді көп ойынды жеңуге тиіспіз. Әйтпесе, масқараның көкесі сонда болады.

АДАМНЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ 33 ЖАСТАН КЕЙІН ДЕ КЕЗ КЕЛГЕН ТАПСЫРМАНЫ ШЕШУГЕ ҚАБІЛЕТТІ БОЛУЫ МҮМКІН, БІРАҚ...»

Роналдудың жасы 36-да. Ақпан айында 37 жасқа толады. Бірақ әзірге футболмен қоштасу ойында жоқ сияқты.

«Генетикалық тұрғыдан өзімді 30 жастағыдай сезінемін. Өзімнің денсаулығымға ұқыпты қараймын. Жақында 33 жастан кейін адамның денесі дұрыс жаттықса, кез келген тапсырманы шеше алатынын түсіндім. Бірақ нағыз шайқас – ақыл шайқасы.

Ең қиыны – талай кедергілерден өтіп келіп,

жоғары деңгейде өзінді сақтап қалу. Соңғы жылдары мен осы мақсатпен өмір сүріп жүрмін. Өз ақыл-ойыммен көп жұмыс істеймін. Өмірде әр түрлі сәттер болады. Жақсылық та, жамандық та кездеседі. Төменге құлағанда қайта тұра алатындай күш қажет. Мен қазір бақыттымын. Футболда әрі қарай да қалғым келеді. Оның соңы неге әкелетінін уақыт көрсетер. Қырық немесе қырық екі жасқа дейін ойнай аламын ба? Соны түсінгім келеді. Ең бастысы – футболдан ләззат алу».

РОНАЛДУ КОМАНДАҒА КӨМЕКТЕСКІСІ КЕЛЕДІ

«Мен өзіме қарап: «Криштиану, өз деңгейіңді көтеріп, командаға қандай көмек бере аласың?» деп сұраймын. Әрине, команданың нәтижесін жақсартуға өз үлесімді қоса аламын. Егер

командаластарым шаршаса, оларға көмектесуге дайынмын. Ойын кезінде кішкентай детальдарға да мән беру керек. Алаңда ақылды әрі қу болу қажет.

Әрбір матч өзінше ерекше. Ойыншылардың да айырмашылығы бар. Командалар да әр түрлі тактикамен ойнайды. Стадиондарда бір-біріне ұқсамайды. Егер ойында жолың болмай жатса, біртұтас команда болып ойнауға тырысу қажет. Сондықтан да біздің команданың аты «Манчестер Юнайтед» деп аталған болар. Бізге қиын сәтте бірлік керек».

ЖАСТАРДЫҢ ТӘЖІРИБЕЛІ ФУТБОЛШЫЛАРДЫ ТЫҢДАҒАНЫ ЖӨН

«Тәжірибелі ойыншылардың жастарға айтар ақылы, берер кеңесі болады. Әрине, оның да өзіндік жолы бар. Мысалы, мен жас футболшыға ақыл-кеңес айтсам, ол оны қабылдамаса онда қиын. Адаммен күні бойы сөйлесуге болады. Егер өзінде ештеңе жоқ болса, одан бірдеңе шығару неғайбыл. Кезінде 18-19 жасымда менен үлкен ағаларым өз ақылдарын айтатын. Мен оны мұқият тыңдайтынмын. «Криштиану, саған бәрін ой-елегінен өткізу керек. Олардың тәжірибесі мол. Айтқандарын тыңда» деп өз-өзіме шарт қойдым. Олар талай қиындықтан өткен адамдар. Ал, қазір жас футболшылар сынды көтере алмайды. Мен бұл жерде командаластарым туралы емес, жалпы қазіргі жас футболшылар жайлы айтып отырмын. Менің де балаларым бар. Кейде қаталдық танытсаң, олар керісінше істейді. Сондықтан сөйлескен кезде тілін таба білу керек.

Меніңше, барлығы адамның ішкі-жан дүниесіне байланысты. Айнаның алдында тұрғанда мақтана алатындай болуың керек. Егер біреуге көмек керек болса, бірінші болып қолғабыс етуге дайынмын. Ал ондай қолдауды қажет етпесе, өз жұмысын істеп, команданың дамуына үлес қосуы тиіс».

ЛЕВАНДОВСКИ ЕКІНШІ ЖЫЛ ҚАТАРЫНАН ҮЗДІК ОЙЫНШЫ АТАНДЫ

ГЕРМАНИЯНЫҢ «БАВАРИЯ» КЛУБЫ МЕН ПОЛЬША ҚҰРАМАСЫНЫҢ ШАБУЫЛШЫСЫ РОБЕРТ ЛЕВАНДОВСКИ ЕКІНШІ ЖЫЛ ҚАТАРЫНАН FІFA ТҰЖЫРЫМЫ БОЙЫНША ЖЫЛДЫҢ ҮЗДІК ОЙЫНШЫСЫ АТАНДЫ.

Бұл атаққа Месси, Салах және тағы 8 футболшы үміткер болған. Польшалық шабуылшы былтыр 50-ден астам гол соқты. Германия бундеслигасында 41 голмен Герд Мюллердің рекордын жаңартқан.

Левандовски осымен екінші жыл қатарынан Халықаралық футбол федерациялары қауымдастығының (FIFA) үздік ойыншысы атанып отыр. Бұған дейін 29 қарашада Месси France Football журналының тұжырымы бойынша «Алтын допқа» таласта озып кеткен.

FIFA сонымен қатар мынандай номинациялардың жеңімпазын марапаттады:

- 2021 жылдың үздік жаттықтырушысы – Томас Тухель («Челси, Германия).



тырушысы – Томас Тухель («Челси, Германия).

- 2021 жылдың үздік қақпашысы Эдуард Менди («Челси», Сенегал).
- Құрама сапында әлем рекордын жаңартқан Криштиану Роналду (Португалия) арнайы марапатқа ие болды.

- 2021 жылдың үздік голы – аргентиналық шабуылшы Эрика Ламеланың «Тоттенхэм» сапында «Арсенал» қақпасына соққан голы.

Швейцарияның Цюрих қаласында өткен жылдың үздіктерін анықтауға арналған салтанатты кеште 2021 жылдың символикалық, яғни таңдаулы құрамы белгілі болды.

Қақпашы: Джанлуиджи Донна-румма («ПСЖ»).

Қорғаушылар: Рубен Диаш («Манчестер Сити»), Леонардо Бонуччи («Ювентус»), Давид Алаба («Реал»).

Жартылай қорғаушылар: Кевин де Брюйне («Манчестер Сити»), Нголо Канте, Жоржинью (екеуі де – «Челси»).

Шабуылшылар: Роберт Левандовски («Бавария»), Лионель Месси (ПСЖ), Криштиану Роналду («Манчестер Юнайтед»), Эрлинг Холланд («Боруссия» Д).

ДЖОКОВИЧ AUSTRALIAN OPEN ТУРНИРИНЕ ҚАТЫСА АЛМАЙТЫН БОЛДЫ

НОВАК ДЖОКОВИЧ ВАКЦИНА САЛДЫРМАҒАНЫ ҮШІН AUSTRALIAN OPEN ТУРНИРИНЕН ШЕТТЕТІЛДІ. ОЛ АВСТРАЛИЯ МЕМЛЕКЕТІНЕ ТИІСТІ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚҰЖАТТАРЫН КӨРСЕТЕ АЛМАҒАН. СОНДЫҚТАН ВИЗАСЫ ЖАРАМСЫЗ БОЛЫП ҚАЛДЫ. ЕГЕР ВАКЦИНА САЛДЫРМАСА, УИМБЛДОН МЕН US OPEN ЖАРЫСТАРЫНА ДА ЖІБЕРІЛМЕЙДІ. ӨЙТКЕНІ ҰЛЫБРИТАНИЯ МЕН АҚШ-ҚА КІРУ ҮШІН ДЕ ВАКЦИНА ҚҰЖАТЫ БОЛУЫ ТИІС.



«Үлкен дулыға» жарыстарынан тек «Роллан Гарроска» ғана қатысуы мүмкін. Өйткені бұл турнирдің хаттамасында вакцина алмаған ойыншыларға шектеу қойылмаған. Дегенмен кейін Францияның спорт министрі Роксана Марасиняно барлық жарысқа тек вакцина салдырған спортшыларды ғана өткізетінін хабарлады.

Бетті дайындаған – Бек ТӨЛЕУ

МЕНШІК ИЕСІ ЖӘНЕ ШЫҒАРУШЫ – «Sport&ks» газетінің редакциясы» ЖШС

Мәулетхан АҚСАНОВ – Бас директор Алмас ӘБДІКЕРІМ – Бас редактор Мәдина АСЫЛБЕКОВА – Бас редактордың орынбасары Бек ТӨЛЕУОВ – жауапты хатшы Оңдасын ЕЛУБАЙ – ШҚО-дағы меншікті тілші Едіге ОРАЗ – тілші Әділбек ЫДЫРЫСОВ – менеджер Зүлфия ЖҰМАҒҰЛОВА – есепші	Редакция мекенжайы: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы Байланыс тел.: +77023840194 Алматы қаласында: Мұқанов көшесі, 223 «в» үй. Тел.: 8/727/3784200, 3784202 • Газет «Қазақ спорты» газетінің компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. • Хат-хабар үшін: Поштамыздың абоненттік жәшігінің мекенжайы: №2714, 010017, Нұр-Сұлтан қаласы, Асан Қайғы көшесі, 73-үй. Газет «Алматы – Болашақ» АҚ баспаханасында басылады. Алматы қаласы, С.Мұқанов көшесі, 223 «в» үй. Тел.: 8/727/3783646, 3784010	• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді. • «Қазақ спорты» газетіне жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. • Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды. Жазылу индексі – 64190 • Газет ҚР Байланыс және ақпарат министрлігінде 2011 жылы 7 маусымда қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі № 11855 – Г • Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2017 жылдың 24 қаңтарында қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі № 16317-Г. • Тапсырыс – 55 • Таралымы – 3085 дана
---	--	--